

ЛЕНИН ТУУ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 173 (9491) || 1954 жылғы 31 август Сейсенбі

Шығуына 35 жыл
және саны 20 тыйын

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ОРЫНДАРЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ МІНДЕТТЕРІ

Коммунистік партия мен Совет Үкметі еңбекшілердің материалдық әл-ауқаты мен мәдени тұрмыс дәрежесін барынша көтеру жолында үнемі әкелік қамқорлық жасап келеді. Біздің елімізде халықтың бақытты, саулетті тұрмысы үшін барлық мүмкіншіліктің бәрі жасалған. Жарқын өмір құшағындағы совет халқы өз Отанының онан сайын гүлдене беруі үшін Коммунистік партияның басшылығымен социалистік еңбек даласында барлық ынта жігерлерімен айналып еңбек етіп, творчестволық еңбектің тарих бұрын-соңды көрмеген тамаша үлгілері мен өнегелерін көрсетуде.

Партия мен үкмет, әсіресе еңбекшілердің денсаулығын сақтау, оларға медициналық қызмет ету ісінің үнемі жақсара беруі жолында да қамқорлық жасап келеді. Бұған мына цифрлардың өзі айқын дәлел. 1953 жылы біздің елімізде кісі өлімі 1913 жылғымен салыстырғанда үш есе кеміді. Совет мемлекеті денсаулық сақтау орындарының егін көбейту үшін жыл сайын миллиондаған қаржы бөсатиды. Тек соңғы үш жылдың өзінде ғана біздің елімізде ауруханалар 143 мыңға дейін көбейді. Бұл уақыттың ішінде дәрігерлер саны жүз мың адамға дейін артты.

Бүкіл еліміздегідей біздің облысымызда да дәрігерлік мекемелердің, емдеу орындарының саны жыл сайын көбейіп келеді, ауруханалар, дәрігерлік пункттер медициналық құрал, жабдықтармен, дәрі-дәрмектермен ойағыдай жабдықталуда. Сол сияқты, облыс еңбекшілеріне медициналық көмек көрсету, олардың денсаулығын жақсарту беру ісінде де қол жеткен табыстарымыз аз емес.

Біздің облысымызда өз жұмыстарын көзірті талаптардың дәрежесінде жүргізіп отырған денсаулық сақтау орындарын көптеп кездестіруге болады. Мәселен, Октябрь ауданындағы Марьевка селосындағы аурухана өзінің жұмысын партия мен Үкмет алға қойып отырған міндеттердің дәрежесіне сай жүргізудің арқасында еңбекшілердің құрметіне бөленген. Бұл аурухана өз жұмыстарын шаруашылық міндеттермен ұштастыра жүргізіп, аурухана қызметкерлері ауыл шаруашылығы еңбекшілерін медициналық қамтуда советтік медицинаның соңғы табыстарын өз жұмысында қолданып келеді. Бұл сияқты үлгілі ауруханалардың қатарына Преснов аудандық ауруханасын, қалалық бірінші ау-

рухана. Мәселен, быйылғы жылы біздің облыста жаңа жер игеріліп жатқан аудандарда жаңадан ашылуға тиісті 15 дәрігерлік пункттің төртеуінің осы уақытқа дейін тұрақты үйінің болмауы өте төзгісіз факті. Ал, көптеген емдеу орындары әлі де болса қажетті құрал-жабдықтармен және маман дәрігерлермен қамтамасыз етілмеген.

Кейбір жергілікті партия және совет ұйымдары басшыларының еңбекшілерге медициналық көмек көрсету ісіне екінші қатардағы мәселе деп қарайтындығын айтпай кетуге болмайды. Бұған мысал ретінде Торангүл МТС-і басшыларының ісін алуға болады. Бұл МТС-те механизаторлар үшін быйылғы жылы жаңадан аурухана ашылған болатын. Бірақ МТС директоры Петров жолдас аурухана үшін салынатын үйдің құрылыс жұмыстарын осы уақытқа дейін аяқтауға көңіл бөлмей отыр. Ал, Октябрь аудандық партия комитетінің осы МТС аймағы бойынша секретары Ыбраев жолдас бұл сыяқты маңызды іске жеткілікті мән беруді естен шығарған.

Бұл сыяқты жағдайды Булаев, Приешім аудандарынан да кездестіруге болады. Мәселен, Приешім ауданындағы «Бостандық» ауылшаруашылық артелиіндегі медициналық пункттің колхозшыларды нашар қамтып отырғандығы туралы дерекзінде баспасөздерде мәселе көтерілген болатын. Бұл медициналық пункттің меңгерушісі Палицина жолдас еңбекшілердің дәрігерлік мұқтажын өтеуді борышым деп есептемейді. Ол бөгде себептерді сылтау етіп, дала қостары мен трактор бригадаларында еңбек етіп жүрген егіншілер мен механизаторларға медициналық көмек көрсетуді мүлдем естен шығарған. Бірақ, аудандық денсаулық сақтау бөлімі бұл кемшілікті көре тұра, оған төзімділік жасап келеді. Бұл сыяқты төзгісіз жағдайды осы аудандағы «Талапкер» колхозындағы, Ленин ауданындағы Аманкелді атындағы колхоздағы медициналық пункттің жұмыстарынан да көруге болады.

Айта кету керек, облысымыздағы денсаулық сақтау орындары үшін қажетті құрал-жабдықтар мен дәрі-дәрмектер және медициналық орта, жоғары дәрежелі білімдері бар маман кадрлар жеткілікті. Әңгіме осы мүмкіншіліктерді іскерлікпен пайдалануда болып отыр. Ойткені, дәрігерлік мекемелерді, емдеу орындарын, медициналық пункттерді жетілдіру, олардың жұмыстарын жақсарту — бұл біздің облысымыздағы денсаулық сақтау орындарының маңызды міндеттерінің бірі.

Егін тез жыйналып, астық мол дайындалсын

Егін орағы кешеуілдеп отыр

Преснов ауданының Сталин және Молотов атындағы колхоздары бітік өскен егінді ысырапсыз жыйнау үшін күнібұрын дайындық жасады. Сталин атындағы колхозда егін жыйнап жүрген комбайншылар Шапилов, Дуброу жолдасстар машинаны егін орағының алғашқы күнінен бастап өнімді пайдалануда. Бұл колхоздың қырман басында жұмыс үздіксіз жүргізіледі.

Дегенмен, егін жыйнау науқаны аудан колхоздарының барлығында бірдей тыңғылықты ұйымдастырылмаған. Науқаның барысы ауданның көптеген МТС-тері мен колхоздарының егін орағына дайындықсыз келгенін анықтап отыр. Мысалы, Преснов МТС-інде жөндеуге тиіс 15 комбайн егін басталғанша жөндемеді. Сондай-ақ, МТС басшылары колхоз қырмандарын механикаландыру және веселка, зерноуальт сыяқты, астық тазартқыш құралдарды жұмысқа әзірлеу ісіне де неғұрдайды қарады. Соның салдарынан осы МТС-тің қамтуындағы «Сталин жолы», «Новый свет» және Хрущев атындағы колхоздардың қырмандарында мыңдаған центнер астық бола тұрса да, мемлекетке бір центнер де астық тапсыра алмай отыр.

Бұл колхоздарда колхоз басқармасының жұмысты дұрыс ұйымдастыра білмеуінен комбайн күші өнімді пайдаланып келеді. «Сталин жолы» (председателі Жолмұқанов жолдас) колхозында егін жыйнауға жүрген комбайншылар машина қуатын өнімді пайдаланудың барлық жағдайын жасады. Көзір олардың күніне 30 гектар жердің егінін жыйнарлық мүмкіншілігі бар. Амаз қанша, комбайн бұныкерінен астық түсіріп алатын көліктің жетіспеуінен олардың әрқайсысы күніне небары 10—15 гектар жердің егінін орып, 150—200 центнер-ақ астық бастырады. Колхозда жұмыстың нашар ұйымдастырылғаны сонша, комбайндардың осы өніміз жүрген кездерінде түскен астықты да тазартып үлгері алмайды. Көзір колхоз қырманында екі мың центнер астық тазаланбай жатыр.

Ал, осы МТС-тің қамтуындағы Хрущев атындағы колхозда жөндеу жұмысының

ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНДА (1-бет).
ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ (1-бет).
ЕГІН ТЕЗ ЖЫЙНАЛЫП, АСТЫҚ МОЛ ДАЙЫНДАЛСЫН: В. СКИБНИЙ. —Егін орағы кешеуілдеп отыр. Б. Жақыпов. —Астық дайындауға мән бермеген жерде (1-бет).
СОВЕТТІК ҚАЗАҚСТАНДА (1-бет).

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ: Н. Лисин. —Жауапты тапсырманы орындау үстінде. Д. Мұхамедиев. —Партия ұйымының жұмысындағы елеуді кемшілік. Қ. Естаев. —Саяси үгіттің нәтижесі (2-бет).
ЕРТЕҢ ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ БАСТАЛАДЫ: А. Әлиев. —

Мектептерде оқу-тәрбие жұмыстары үлгілі жүргізілсін. С. Каюмов. —Смирнов орта мектебінде (2-бет).
Х. Рахматуллин. —Орденді байланысы.
ЕГІН ЖЫЙНАУ МЕН АСТЫҚ ДАЙЫНДАУДА ОЗАТТАРҒА ТЕҢЕЛЕЙІК: В. Тимшин. —Егіншілер арасындағы саяси жұмыс. П. Хренов. —Жұмысты жоспарлы, бірлесе жүргізудеміз: Н. Моисеев. —Астық өндірісін шұғыл өркендету күресінде жаңа табыстарға жетудеміз. Д. Денисов. —Қырман—жұмыстың жауапты участогі. Г. Шмонин. —Қарқынды бәсеңдетпейміз. В. Пашенно. —Комбайн тоқтаусыз жүрді (3-бет).
Е. Мырзахметов. —Шағын двигателдер жасау заводында (4-бет).
Шетел хабарлары (4-бет).

ССРО Жоғарғы Советі Президиумында

ССРО Жоғарғы Советі Президиумы шахтерлер Күні құрметіне көмір өнеркәсібі мен көмір шахталары құрылысының жер астында жұмыс істейтін жұмысшылар, кен мастерлері, басшы және инженер-техник қызметкерлерінің үлкен бір тобын ұзақ жылдар бойы менсіз қызмет істегені үшін ССРО ордендерімен және медальдарымен наградтады. Ленин орденімен 1320 адам, Еңбек Қызыл Ту орденімен 2355 адам наградтады. Басқа қызметкерлер «Еңбектегі ерлігі үшін», «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медальдарымен наградтады.

(СОТА).

ШАХТЕРЛЕР КҮНІНЕ АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ МӘЖЛІС

28 августа Москвада шахтерлер Күніне арналған салтанатты мәжіліс болды. Одақтар Үйінің Колонналы залы астананың партия, совет, кәсіподақ ұйымдарының өкілдеріне, кеңшілерге лық толды. Мәжілісте, сол сыяқты шетелдік қонақтар—Қытай, Польша, Германия кеңшілерінің өкілдері қатысты. ССРО Көмір өнеркәсібі министрі А. Ф. Засядько жолдас шахтерлер Күні туралы баяндама жасады.

Қытай, поляк және неміс кеңшілері делегациясының өкілдері құттықтау сөздер сөйледі.

Мәжілістен кейін үлкен концерт болды. (СОТА).

ҚҰРМЕТТІ ШАХТЕРЛЕР

ССРО Көмір өнеркәсібі министрлігі 1500-ден астам «Құрметті шахтер» атағын берді. Олардың бәрі көмір өнеркәсібінде көп жылдан бері істеп келе жатқан жұмысшылар мен мастерлер.

Құрметті атақ алғандардың ішінде Кузбастағы Димитров атындағы шахтаның забойшысы А. Ф. Медведев бар. Ол жер астындағы жұмыста 20 жылдан астам уақыт бойы істеп келеді, өміріне 1,5 норма орындайды.

«Құрметті шахтер» атағын сол сыяқты «Сталинуголь» комбинатының № 12-13 шахтасының қарт проходчигі, өндірістік тапсырманы асыра орындаушы И. Я. Некрасов, «Кузбассуголь» комбинатының № 9 шахтасының кен мастері Т. Ф. Илющев және басқалары алды.

Еліміздің 7 мыңға жуық кеңшілері шахтер Күні құрметіндегі жарыста қол жеткен табыстарына байланысты ССРО көмір өнеркәсібі министрлігінің «Социалистік жарыстың отличнигі» аналогімен және мақтау қарапалымен наградталды.

Астық дайындауға мән бермеген жерде

Конюхов ауданындағы бір қатар колхоз басшылары бастырылған астықты қолма-қол тазарту, кептіру және дайындау пункттеріне жөнелту жұмыстарына қолда бар күш-мүмкіншіліктерді дұрыс пайдалана алмай келеді. Осының салдарынан көп колхоздарда комбайнмен бастырылған астық қырмандарда тазартылмастан үйіліп жатыр.

Мәселен, 25 августқа дейін мемлекетке

кетке астық тапсыру жөніндегі бескүндік тапсырмалар үнемі орындалмай келеді. Ал, «Путь пролетариата» колхозы осы уақытқа дейін астық тапсыруға шындап қатысқан да жоқ. Астық тапсыру жұмысының осыншама төзгісіз баяу жүргізіліп келе жатқанының өзінде, бұл колхоздардың қырмандарында мыңдаған пұт астық дайындау пунктіне жөнелтуге әзірленбей, ашық далада жатып бүлінуде.

рухананы қоса береді.

Дегенмен халыққа медициналық көмек көрсету ісінде әлі де болса елеулі кемшіліктерге жол беріліп отыр. Бұған ең алдымен облыстық денсаулық сақтау бөлімінің басшылары кінәлі деуіміз керек. Олар соңғы уақытқа дейін басшылықтың жарамсыз әдісінен арыла алмай келеді. Мәселен, облыстық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі Ақжанов жолдас емдеу орындарының жұмысын зерттеу, бақылау, кемшіліктен кезінде қорытынды жасау, сол сыяқты, жақсы тәжірибені тарату мәселелеріне жете назар аудармай отыр. Әресе орталықтан алыс жерлердегі медициналық пункттердің жұмысына көмек көрсету ісі қанағаттанғысыз. Ондағы адамдардың медициналық тілектерін өтеу ісі әлі де жолға қойылмаған.

Бұл күндері облыс еңбекшілері ауыл шаруашылық жұмыстарының аса жауапты кезеңі — егін жыйнау мен мемлекетке астық тапсыру жұмысына қызу кірісті. Осыған байланысты кәзір облысымыздың медицина орындары қызметкерлерінің алдында зор міндеттер тұр. Әресе, тың және тыңайған жерлерді игеру ісімен байланысты ашылған жаңа ауруханалар, фельдшерлік- акушерлік, дәрігерлік пункттер мен аптекалардың жұмысын жаңа міндеттердің дәрежесіне сай ұйымдастыру және оларды қажетті үймен, медициналық құрал- жабдықтармен, дәрі- дәрмекпен, сол сыяқты, маман кадрлармен толық жабдықтау, сөйтіп бүкілхалықтың міндет — тың жер игеру күресінде қажырлылықпен еңбек етіп жатқан патриоттардың денсаулығын жақсарту беру ісінде жаңа табыстарға жету — кезек күттірмейтін міндет. Бірақ, осы уақытқа дейін бұл сыяқты абройлы міндеттің орындалу барысы кәзіргі талаптар дәрежесіне сай болмай отыр. Әресе, жаңадан ашылған емдеу орындарын жабдықтау ісі

рал- жабдықпен, дәрі- дәрмекпен және маман кадрлармен ойдағыдай қамтамасыз етпейтінше еңбекшілерге медициналық көмек көрсету, олардың денсаулығын жақсарту беру ісін бүгінгі зор талаптың дәрежесінде ұйымдастыру мүмкін емес. Сондықтан облыстық денсаулық сақтау бөлімі мен аудандық денсаулық сақтау бөлімдері ауыл- селодағы емдеу орындарына медицина қызметкерлерін дұрыс орналастыру және олардың бір жерде тұрақты қызмет етуіне толық жағдай жасау ісін жолға қоюға жетісулері керек.

Әйелдер колхозда үлкен күш болып табылады. Үкмет пен партия олардың еңбек өміріне алаңсыз араласуы үшін балалар яслилері мен бақшаларын ашуға миллиондаған сом қаржы бөліп отыр. Бірақ, облысымыздың көптеген колхоздарында әлі де болса балалар яслилерін ашу ісіне көңіл бөлмеушілік бар. Мұның өзі әлі де ботә денсаулық сақтау орындарының бұл маңызды іске жете мән бермей отырғандығын көрсетеді. Сондықтан денсаулық сақтау орындары әрбір колхоз бен совхозда балалар яслиін ұйымдастыруда инициатива көрсетулері керек.

Облыстық және аудандық денсаулық сақтау бөлімдері ауыл- селодағы емдеу орындарының жұмысын зерттеу, жақсы тәжірибені жыйнақтап, басқаларға тарату, сол сыяқты медицина қызметінің көкейтесті мәселелерін деркесінде іскерлікпен шешіп отыруға жетісулері керек.

Еңбекшілерге медициналық қызмет ету ісінде кездесіп отырған кемшіліктерге тиісті де төзуге болмайды. Сондықтан әрбір медицина қызметкері халыққа медициналық қызмет ету ісін бүгінгі зор талаптардың дәрежесінде ұйымдастырулары керек. Ал, жергілікті партия, совет ұйымдары бұл міндеттердің ойдағыдай жүзеге асырылуына баса назар аударуы тиіс.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумында

ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы ССРО Министрлер Советінің ұсынуы бойынша теңіз және өзен министрлігінің қаспшылары мен ұйымдары негізінде жаңа министрліктерді құрды:

ССРО Жалпыодақтық теңіз флоты министрілігі;

ССРО Жалпыодақтық өзен флоты министрілігі;

ССРО Теңіз флоты министрілігі мен

ССРО Өзен флоты министрілігіне ССРО Министрлер Советі бекіткен тізімдер бойынша кәсіпорындар мен ұйымдар берілді.

ССРО Теңіз флоты министрі болып Виктор Георгиевич Бакаев жолдас тағайындалды.

ССРО Өзен флоты министрі болып Зосима Алексеевич Шашков жолдас тағайындалды.

А. И. Блинников жолдасты Еңбек Қызыл Ту орденімен наградау туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

А. И. Блинников жолдастың туғанына 70 жыл толуына байланысты және оның революциялық қозғалысқа белсене қатысқаны ескеріліп, Андрей Иннокентьевич Блинников жолдас Еңбек Қызыл Ту орденімен наградалсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі

К. ВОРОШИЛОВ.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары

Н. ПЕГОВ.

Москва, Кремль.

28 август 1954 жыл.

сапасыз жүргізілгендігінен екі комбайн жұмысқа қосауға жарамай босқа тұр.

Жекелеген колхоз басшылары мен МТС қызметкерлерінің егін орағына дайындықсыз келуі және кәзіргі науқанның жауапты кезеңдерінде іске немқұрайды қарауы салдарынан бүкіл аудан бойынша астық жыйнау көрсеткіші төзгісіз төмендетіліп отыр.

Егін жыйнау мен астық дайындау жұмыстары сыбырлықты, ұзаққа созуды көтермейді. Олай болса, аталған МТС пен колхоз басшылары орын алып отырған кемшіліктерді жоюдың шараларын шұғыл жүзеге асыруға міндетті.

В. СКИБСКИЙ.

Астық жыйнаудың жоғарғы аудан бойынша небары 10,9 процент ал, астық тапсыру жөніндегі соңғы бескүндік тапсырма 24 процент-ақ орындалды. «Новый путь» колхозы осы бескүндікте дайындау пунктіне 391 центнер ғана астық өткізіп, бескүндік тапсырманы бар, болсаңы 1,4 процент орындаумен тынды. Соның өзінде, бұл колхоздың қырманында 3 мың центнерден астам бастырылған астық тазартылмастан жатыр. Колхоз басшыларының қырмандағы астықты тазарту, кентіру және дайындау пункттеріне жөнелту жұмыстарын дұрыс ұйымдастыра алмауынан «Путь Ленина», «Пятилетка», «Искра», «Қазақстанның 30 жылдығы», Ленин атындағы және Куйбышев атындағы колхоздарда да мемле-

Істің жайы осындай бола тұрса да, аталған колхоздардың басшылары қолда бар астық тазартқыш машиналарды, веялкаларды, сортировкаларды, астық кентіргіштерді толық іске қосуды ұйымдастыруға асығатын да емес. Олардың көпшілігі «астықты» тазарту МТС-тің міндеті» деген зиянды және қате пікірдің шырмауында келеді. Ал, МТС басшылары колхоздардағы қырымдарды механикаландыру, астық тазарту жұмысын жақсарту, сөйтіп, бастырылған астықтың бүлінуіне және ысырап болуына жол бермеу жөнінде ешқандай шаралар қолданбай отыр.

Б. ЖАҚЫПОВ.
(Өз тілшіміз).

Жылдық жоспар орындалды
ОҢТҮСТІК- САХАЛИН. 18 август.
(СОТА). «Углегорскуголь» тресінің № 6 шахтасының жұмысшылары жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындады. Еңбек өнімділігі 65 процент арттырылып, отынның өзіндік құны едәуір кеміді.

Шахта забойларының жартысынан көбі цикльдік график бойынша істейді, ағашты жеткізу механикаландырылған, вентиляция жақсартылды. Көмір өндіру шахта ішіндегі транспортты қайтадан жабдықтау есебінде 30 процент арттырылды.

Жыл аяғына дейін 120 эшалон тағ көмір бермек.

Советтік Қазақстанда

Украинаның комбайншылары Орталық Қазақстанда

ТОКАРЕВКА. (Қарағанды облысы). (ҚазТАГ). Мұнда Қырым облысы Евпатория МТС-нің бір топ комбайншылары келді. Келген комбайншылардың қатарында Қырымның атақты механизаторы Социалистік Еңбек Ері Аверьян Корнеевич Даниленко бар. Ол Евпатория ауданының Молотов атындағы колхозында быылғы жылы 18 жұмыс күні ішінде 500 гектардан аса дөңді дақыл жыйнады. Даниленко жолдас кәзір Тельман ауданының «Заря коммунизма» колхозында дөңді егін жыйнай бастады. Ол 20 жұмыс күні ішінде 600 гектар егін оруды ұйғарды.

Қырым комбайншыларының бір тобы Василий Быков, Дионисий Крупко, Петр Носов—Калинин атындағы колхозда егін жыйнауға кірісіп, кәзірдің өзінде алғашқы 100 гектар егін жыйнады.

ҚАЗАҚСТАН ДАЛАЛАРЫНДАҒЫ ЖАҢА ҚҰДЫҚТАР

Қазақстанның кең байтақ шөл және шөлейтті далаларында, мал айдалатын жолдарда және жаңадан игеріліп қатқан жерлерде жаңадан құдықтар қазу өріс алды. «Казводстрой» тресі ғана быыл 3 мың құдық қазып, оларды пайдалануға береді. Құдықтардың едәуір бөлігі астаулармен және су тартатын механикалық қондырғылармен жабдықталады.

Республика сумен жабдықтаудың жаңа көздерін салуға арналған жаңа техника алады. Фрунзеден құдық қазатын «КШК-25» машиналарының жетілдірілген конструкциялы бір тобы алынды. Олар мұнаралармен және өте берік бұрғылау штангаларымен жабдықталған, сағатына орта есеппен бір погон метр жылдамдықпен қазады. Агрегаттар Қазақстан, Қызылорда облыстарына жіберілді.

(ҚазТАГ).



Ақмола облысы Сталиндік Конституция атындағы колхоз быылғы жылы кең көлемде тың жерді игерді. Кәзір жаңа жерлерде бітік егін пісіп тұр. СУРЕТТЕ: колхоз председатели М. Ахметбеков пен Калинин МТС-нің директоры С. Я. Трофимов тың жерде өскен егінді орау алдында байқап жүр. (ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

Партияның тапсырмасын мерзімінен бұрын орындаймыз

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советінің тың және тыңайған жерлерді онан әрі игеру және астық өндіруді арттыру туралы қаулысын Шығыс Қазақстанның еңбекшілері біздің Отанымызға деген мақтанып сезіммен қарсы алды. Колхоздарда, егіс қостарында, трактор бригадаларында және МТС-терде бұл тарихи докуменгке арналған әңгімелер өткізіліп жатыр. Ұлан ауданы Аблакетка МТС-інің директоры Митяев жолдас былай делі:

—Біздің коллектив быыл Алтай тау

етектерінде жоспарға белгіленгендегіден бір жарым есе артық жаңа жер жыртты.

Жаңа жерлер жыртуда үздік көрсеткіштерге жеткені үшін Райымбековқа Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысуға экскурсиялық жолдама берілді. Біздің станциямыздың механизаторлары партия мен үкметтің тапсырмасын орындауға әзір. Қосымша тың және тыңайған жерлер жыртудың жоспарын мерзімінен бұрын орындап шығу үшін барлық күш- жігерімізді жұмсаймыз.

(ҚазТАГ).

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

Жауапты тапсырманы орындау үстінде

Біз егін орағының алғашқы күндерінен бастап-ақ комбайндардың топтасып жұмыс істеуін ұйымдастырдық. Белгілі бір участкақты топтасып орау, агрегатқа басшылықты жақсартуға, оны жанар, жанар майлармен және басқа қажеттерімен толық қамтуға мүмкіндік беретінін өз тәжірибемізден көріп отырмыз.

Пікірімізді дәлелдеу үшін бір мысал келтірейін. 243 гектар егін участкасына 4 комбайнды бірдей жібердік. Мұның өзі, агрегатты қамтуды едәуір жеңілдетті. Комбайншылар барлық қажеттерін кезінде алып тұратын болды. Комбайндардан түскен астықты екі машина қырманға тасып үлгірді. Бұл участок біткеннен кейін агрегаттар егінді жеке-жеке орауға кіріскен еді. Бұл жұмысты едәуір қысқартып жіберді.

Жұмыстағы мұндай кемшіліктерді алдағы уақытта болдырмау үшін агрегат мүшелерімен келісе отырып, егінді топтасып оруды қайрадан бастадық. Кәзір 750 гектар егін участкасын агрегаттар топтасып орып жүр.

Барлық комбайншылар өздеріне көтеріңкі міндеттемелер қабылдап, социалистік жарысқа ұштасқан. Тәжірибелі комбайншы Н. Танкеев жолдас тіркемелі «Сталинец-6» комбайнымен 1200 гектар егін орауға, 15 мың центнер астық бастыруға міндеттенді. Комбайншы Милотин жолдас одан қалар емес. Ол «Сталинец-6» комбайнымен 700 гектар егін орып, 9 мың центнер астық бастыруға міндеттеніп отыр.

Кәзір Танкеев жолдасын агрегатты алда келеді. Ол күн сайын тіркеудегі «Сталинец-6» комбайнымен 20 гектар егін жыйнау орнына, 50 гектар егін орып, 500 центнер астық бастыруда. Танкеев жолдас Торангүл МТС-нің қамтуындағы Сталин атындағы колхозда жұмыс істейтін Вершинин жолдасын агрегатпен социалистік жарысқа түскен болатын.

Әрбір трактор бригадаларында жауынгерлік листоктар уақытылы шығып тұрады. Онда озат механизаторлардың жұмыс үлгілері насихатталып, істегі кемшіліктер сынға алынады. Міне, осы себепті, оны әрбір механизатор, әрбір агрегат мүшесі құмарта оқиды.

Комбайн агрегаттарына үгітшілер белгіленген. Мен оларға кезекті әңгімені қалай өткізу жөнінде үнемі көмектесіп отырамын. Оның дәстүріне өзім де агрегат мүшелеріне түскі үзіліс кезінде, не жұмыстан бос уақыттарында жаңа газет, журналдардан мақалалар оқып беремін. Агрегатта болған кезінде елімізде болып жатқан жаңалықтарды, халықаралық жағдайлар туралы хабарларды айтып отырамын. Колхоз партия ұйымы бізге көмектесіп тұрады.

Дегенмен, біздің жұмысымызда әлі де болса, бірқатар кемшіліктер бар. Бұл кемшіліктерді жою шараларын кезінде белгілесек те, оны жүзеге асыра алмай отырмыз. Июнь Пленумының қаулымен ком-

Партия ұйымының жұмысындағы елеулі кемшілік

«Орталық» колхозы Ленин ауданындағы ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайып келе жатқан колхоз. Мұндағы партия ұйымы да аудандағы ірі партия ұйымдарының бірінең есептеледі. Бұл колхоз өндірісін басқаруда, колхозшылар арасында партиялық-саяси, үгіт-бұқаралық жұмыстарды жүргізуде, сөйтіп, шаруашылықты жаңа табысқа жеткізуде зор күш.

Алайда, бастауыш партия ұйымының (секретары Токтыбаев жолдас) жұмысы колхоздың алдында тұрған міндеттерді шешу дәрежесінде болмай отыр. Партия ұйымы кәзіргі кезде өз жұмысын жаңа міндетке сай қайта құрып, коммунистердің колхоз өндірісінде авангардтық роль атқарып, олардың өндірісте жаңа табысқа жетуін қамтамасыз ете алмай келеді.

Еңалдымен мұнда коммунистер колхоз өндірісінің жауапты участоктеріне дұрыс бөлінбеген. Колхозда бірнеше мал фермалары мен өндіріс-бригадалары бар. Бірақ, олардың арасында өзара социалистік жарыс ұйымдастырылмаған. Соның салдарынан өндірістегі колхозшы шаруалардың еңбек өнімділігі төмен.

Сол сияқты, колхозшылар мен механизаторлар арасындағы үгіт-бұқаралық жұмыс өз дәрежесіне қойылмаған. Бригадалардағы көрсеткіш тақталар уақытылы толтырылып, жауынгерлік листоктар үнемі шығарылып тұрмайды. Колхоз партия ұйымының үгіт-коллективінде бірнеше үгітші бар. Бірақ, олар өз жұмыстарымен шұғылданбай, бұқара арасындағы саяси жұмысқа мән бермей отыр. Мәселен, үгітшілер Темірбаев, Сағындықова, Қатаев және басқалары трактор және егіс бригадаларының мүшелерімен саяси тақырыптарға әңгімелер өткізуді, дауыстап газет оқуды ұйымдастыра алмай келеді. Социалистік жарыстың барысы қорытылмайды. Еңбекте жоғары көрсеткіштерге не болған механизаторлар мен колхозшылардың іс тәжірибелері көпшілікке таратылмайды.

Партия ұйымы, оның секретары Токтыбаев жолдас шаруашылыққа басшылық жасауды міндетім деп санамай жүр. Соның салдарынан колхозда егін жыйнау, мемлекетке астық тапсыру жұмыстары қанағаттанғысыз жүргізілуде. Бұл жұмыстарға колхоз басқармасы нақтылы басшылық етпей келеді. Быйылғы жылы

колхоз мемлекетке 7 мың центнер астық тапсыруға тиіс болса, оның небары 20 проценті ғана тапсырылған. Ал, партия ұйымы колхоз басқармасының жұмысына бақылау жасап, шаруашылық міндеттердің ойдағыдай орындалуына өзінің игі әсерін тигізуден тыс қалған. Оған партия жыйналысында басқарма мүшелерінің шаруашылыққа басшылығы жөнінде баяндамалары бірде-бір рет тыңдалмағандығы айқын дәлел.

Кәзір егін жыйнау, мемлекетке астық тапсыру жұмысының жауапты кезеңі тұрды. Бірақ, колхоз басқармасы бұл жауапты науқанды ойдағыдай өткізу мақсатымен колхозшылар мен осы колхозда жұмыс істейтін Образцовая МТС-нің механизаторларының еңбекке артып отырған ынта-жігерін маңызды міндеттерді орындауға жұмылдыруға бағыттап алмай отыр. Мәселен, № 16 трактор бригадасындағы өздігінен жүретін «Сталинец-4» және «Сталинец-1» комбайндарының еңбек өнімділігі өте төмен. Бұған себеп, комбайншылар мен тракторшылардың өнімді еңбек етуіне қолайлы жағдай туғызылмағандығы. Тіпті болмашы себеппен, комбайндардың бірнеше сағат тоқтап тұру фактілері де жиі кездеседі. Мұны колхоз басқармасы және партия ұйымының секретары біле тұрса да, бұл кемшіліктерді дереу жою үшін ешқандай шара қолданбай отыр.

«Орталық» колхозы партия ұйымының жұмысындағы бұл елеулі кемшіліктер аудандық партия комитетінің «Образцовая» МТС аймағы жөніндегі партия тобының қызметкерлеріне әбден мәлім. Солай бола тұрса да, партия ұйымының жұмысындағы орын алған кемшіліктерден қорықпай шығарып, коммунистердің колхоз өндірісінде авангардтық роль атқаруын, сөйтіп, олардың колхоз алдында тұрған жауапты міндеттерді орындауға белсене қатысуын ұйымдастырып отырған іскер ұйымдастырушылық байқалмайды.

Аталған колхоз партия ұйымы колхозшылар арасында үгіт-бұқаралық және ұйымдастыру жұмыстарын дұрыс жолға қойып, болған кемшіліктерді жедел жоюға керек. Сөйтіп, егін жыйнау, мемлекетке астық тапсыру жөнінде алда тұрған міндеттерді аброймен орындауға жетісу — маңызды міндет.

Д. МУХАМАДИЕВ.

Саяси үгіттің нәтижесі

Преснов ауданы Киров атындағы колхоз партия ұйымы өзінің практикалық жұмысында қоғамдық мал шаруашылығын онан әрі өркендетудің шешуші шарты ретінде жемісін қорының берік базасын жасау ісіне ерекше назар аударып келеді.

Колхоз партия ұйымы пішешілер ара-

сеткіш тақталарға жазып отырады. Озат механизаторлардың іс тәжірибесі кеңінен насихатталып, көпшіліктің игілігіне айналдырылуда. Осының нәтижесінде егіншілердің еңбек өнімділігі де арта түсті. Мәселен, озат комбайншы, Социалистік Еңбек Ері Қалмыков және көмекке телген украин комбайншысы Ермаков жолдас

ЕРТЕҢ ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ БАСТАЛАДЫ

Мектептерде оқу-тәрбие жұмыстары үлгілі жүргізілсін

Үстіміздегі жылдың август айының 26-29 күндері болып өткен мұғалімдердің қалалық кеңесінде жан-жақты талқыланған мәселелердің бірі мектептерде тәрбие жұмысын жақсарту шаралары мен оқушылардың тәртібін нығайту туралы болды. Бұл мәселе бойынша Қазақстан КП қалалық комитетінің секретары Попов жолдас баяндама жасады.

Мектептерде тәрбие жұмысын жақсарту және оқушылардың тәртібін нығайту шаралары туралы мәселе мұғалімдердің август кеңестерінде бйыл тұңғыш рет талқыланды. Бұған дейін мұғалімдер кеңестерінде, сол сияқты педагогикалық советтерде мектепте оқу үлгеру мәселелеріне баса назар аударылып, көп реттерде мектептерде тәрбие жұмысын жақсарту шаралары еске алынбаған еді. Мұның өзі көптеген мектептерде оқу процесінің төмен болуына, сол сияқты, оқушылар арасындағы тәртіптің нашар болуына әкеліп соқтырған болатын. Бұған мысал ретінде қала мектептеріндегі жағдайды алуға болады. Шынығында, мектептердегі жұмыстардың ішіндегі ең қанағаттанғысыз дәрежеде жүргізіліп отырған мәселенің бірі — оқушыларды тәрбиелеу және олардың арасындағы тәртіпті нығайту болып отыр.

Соңғы уақытқа дейін қала мектептерінде оқушыларды тәрбиелеу жұмысына баса назар аударылмай келді. Мәселен өткен оқу жыл бойы мектептерді тексеру жөнінде өткізілген инспекторлық комиссиялардың жұмысында бұл мәселе бірде-бір рет көрсетілмеген. Инспекторлық комиссиялардың жұмыстарын қорытындылаған көптеген актілерде мектепте балаларды тәрбиелеу жұмысында орын алып отырған кемшіліктер туралы бірде-бір рет көрсетілмеген. Сол сияқты, оқушылардың тәртібін нығайту туралы ешқандай маңызды шаралар жүзеге асырылмаған.

Заманамыздың ұлы педагогы А. С. Макаренко балаларды тәрбиелемейінше оқытуға болмайды деген болатын. Бірақ, көптеген мектеп коллективтері оқу үлгеруін жақсарту шараларын жүзеге асыру деген сыңарлық жұмыс әдістерін өз істерінің негізгі етіп бұл сияқты маңызды мәселеге мән бермеушілікке дейін барған. Бұған мысал ретінде көптеген фактілерді келтіруге болады. Мәселен өткен оқу жылында қала мектептерінде оқыттын 184 оқушының түрлі тәртіпсіздік жасап милиция органдарына түскендігі бұған айқын дәлел. Тәрбие жұмыстарын қанағаттанғысыз жүргізудің салдарынан оқушылардың діни соқыр сенімдердің, ескіліктің қалдықтарына бой ұруы сияқты фактілер де аз емес. Бұл сияқты фактілерді әсіресе № 3 орта мектеп оқушылары арасынан көптеп кездестіруге болады. Емтиханда

жақсарту және оқушылардың тәртібін нығайту сияқты мектеп өмірінің аса өзекті мәселесінің жеткілікті дәрежеде жүргізілмей отырғандығының жемісі болып табылады.

Мектепте тәрбие жұмысын жақсартудың бірнеше жолдары бар. Еңалдымен, оқытушылардың өздері тәрбие жұмысын жақсарту шараларын іскерлікпен жүзеге асырып, оқушылардың тәртібін нығайтуға баса назар аударулары керек. Әсіресе оқушылардың материалистік дүниетанымын қалыптастырып, оларды коммунистік мінез құлыққа үйретуге жеткілікті дәрежеде көңіл бөлген жөн. Қала мектептерінде өздерінің қасиетті міндеттерін түсінбей, мұғалімді атаққа кір келтіріп жүрген оқытушылар жоқ емес. Олардың қатарына Кухарцева, Селезнова, Егоров, Кривоногов сияқты оқытушыларды айтуға болады. Бұлар мектепке мас болып келу, көпше бұзақылықтар жасау сияқты жат қылықтарды өздерінің әдетіне айналдырған. Ал, № 2 жетіжылдық мектептің оқытушысы Смагина өзінің ұлын шіркеуге апарып, шоқындырған. Бұл сияқты дәрежедегі «тәрбиешілердің» мектепте тәрбие жұмысын жақсартуға қосатын үлестері қаншалық болмақ?

Қала мектептерінде тәрбие жұмыстарын жүзеге асырудың негізгі шаралары формальді түрде ғана жүргізіледі. Мәселен, көп мектептерде тәрбие жұмыстарын жүргізудің жоспары бар. Бұл жоспарларда көрсетілген шаралар саны тіпті көп. Ал шынығында, бұлардың үштен екісі тек сол қағаз жүзінде қалады. Бұл сияқты формальді жол берушілік мектептерде тәрбие жұмысын жақсартуға керісінше әсер етуде.

Қалада тәрбие жұмыстарын кәзіргі талаптардың дәрежесінде жүргізіп отырған мектептер аз емес. Бұлардың қатарына № 7 орта мектепті қосуға болады. Бұл мектепте тәрбие жұмысы жүйелі түрде жүргізіледі. Әсіресе, оқушылардың материалистік дүниетанымын қалыптастыру жақсы жолға қойылған, эстетикалық тәрбие беру арқылы оқушылардың дүниетанымын көзқарастарын қалыптастыру, политикалық оқу шараларын жүзеге асыру жолымен оқушыларды практикалық еңбекке дағдыландыру кең орын алған. Ама, не, қалалық оқу бөлімі бұл сияқты үлгілі тәжірибесі кеңінен насихаттай алмай отыр.

Оқушылардың оқу тәртібін нығайту кәзіргі уақытта мектеп алдында тұрған күрделі міндеттердің бірі. Бұл міндетті жүзеге асыру, еңалдымен, саналы, тәртіпті оқушылар коллективін құруға байланысты. Өйткені, оқушыларды бірлесіп күш жұмсай отырып, қызығаршылықтарды жеңуге үйретпейінше, олардың арасында тәртіп жұмысын нығайтуға болмайды. Бұл сияқты маңызды шаралар

Бірақ, қала мектептерінде бұл мәселеде екі түрлі кемшілік орын алып келеді. Егер кейбір мектептерде бұл ұйымдардың жұмысына асыра қамқорлық жасау басым болса, кейбір мектептерде олардың жұмысына мүлде мән бермеушілік бар. Бұл екі жағдайда да бұл ұйымдар оқушылар коллективінің алдығы қатарлы отряды болу міндетін атқара алмады.

Баяндамашы және жарыссөзде шығып сөйлеген оқытушылар, әсіресе оқушыларды мектептен тыс уақыттарында тәрбиелеу жұмыстарына мән бермей келе жатқандығын атап көрсетті. Еңалдымен, балалардың еліктегіштік қасиеттеріне мақсат беру ісі нашар. Сол сияқты көптеген оқытушылар мектеп пен семьяның байланысына оншалықты мән бермейді. Мұның өзі мектепте тәрбие жұмыстарын жақсарту және оқушылардың тәртібін нығайту ісіне игілікті әсерін тигізбей отыр. Бізде балаларды тәрбиелеудегі барлық жауапкершілікті мектепке аудара салатын ата-аналар аз емес. Сол сияқты, кейбір жеке-деген оқытушылар балалардың тәртіпсіз болуын, сабақ үлгерісін алмауын семьяда жеткілікті тәрбиенің болмауынан деп түсінеді. Бұл сияқты мектеп пен семьяның арасына шек қоюшылық жас ұрпақтарды тәрбиелеу жұмыстарында көптеген кемшіліктерге ұрындырып отыр.

Жарыссөзде шығып сөйлеген оқытушылар, әсіресе мектепте политехникалық оқудың нашар жүзеге асырылып отырғандығын баса айтты.

—Өрбір мектеп политехникалық оқуды жүзеге асыруда,—деді № 1 орта мектептің физика пәнінің оқытушысы Аксельрод жолдас,—өз бетінше жұмыс істейді. Сол сияқты қала мектептерінде физика, химия лабораториялары жоқ. Ал, облыстық және қалалық оқу бөлімдері мектептердің көрнекі құралдармен қандай дәрежеде қамтамасыз етіліп отырғандығын білмейді де.

Айта кету керек, мектептерде жоқ көрнекі оқу құралдарын қаланың кәсіпорындарында жасап алуға барлық мүмкіншіліктер бар. Бірақ, қалалық партия, совет және шаруашылық ұйымдары бұл жұмысқа жете мән бермей отыр. Сондықтан да, оқытушылар коллективі бұл сияқты маңызды шараның жүзеге асырылмауына кінәлі болып отырған кәсіпорындар басшыларын орынды сынады.

Жаңа оқу жылы мектептердің алдына жаңа міндеттер жүктеп отыр. Еңалдымен, мектептер жастарды практикалық еңбекке осы бастап дағдыландыру ісін естен шығармаулары керек. Әсіресе, оқушыларға берілген теориялық білімді практикалық міндеттермен ұштастыра жүргізуге баса назар аударған жөн.

Қала мұғалімдерінің август кеңесінде

...және астықты есікке алып отырды талап етті. Бірақ, бұл талап Төрағұл МТС-нің қамтуындағы Ленин атындағы колхозда күні осы уақытқа дейін орындалмай отыр. Бұл жөнінде басқарма мүшелерімен талай рет келістім. Олар комбайннан түскен астықты қабылдау үшін арнаулы адам бөлеміз деп уәде берсе де, ол уәделерін орындамай келеді.

Қырманға келген астықты тазалау, оны астық дайындау пункттеріне жөнелту де ойдағыдай ұйымдастырылмай отыр. Мұнда мүмкіншіліктердің барлығына қарамастан, істелетін жұмыстардың көпшілігі механикаландырылған жоқ.

Біз агрегаттардағы партиялық-саяси және ұйымдастыру жұмыстарын жақсарту арқылы комбайндардың өнімді жұмыс істеуіне, әрбір агрегаттың күнделік нормасын мерзімінде және асыра орындауына жетісеміз. Сөйтіп, егін жыйнау жұмыстарының қысқа мерзімде аяқталуын қамтамасыз етеміз.

Н. ЛИСИН.

Петропавл паровоз депосының машинисі, Ленин атындағы колхоздағы комбайн агрегатының ұйымдастырушысы.

нумының қаулысын кеңінен талқылауды ұйымдастырды. Пішешілер қоғамдық мал азығын дайындау жолындағы социалистік жарысқа түгелдей қамтылған.

Партия ұйымының үгіт-коллективінде 15 үгітші жұмыс істейді. Олар июнь Пленумының қаулысын түсіндіру жөнінде үнемі дауыстап газет оқып, әңгімелер өткізеді.

Партия ұйымының жүргізіп отырған бұқаралық-саяси жұмысы өзінің тиісті нәтижесін беруде. Колхозшылардың социалистік жарысы кеңінен өріс алды. Шөп шабуға, оны жыйнауға социалистік міндеттемелерін мұлтіксіз орындап жүрген пішешілер көптеп саналады. Олардың барлығы өздерінің күнделік тапсырмаларын толық және артығымен орындауда.

Сол сияқты, партия ұйымы егіншілер арасында да партиялық-саяси жұмысты ойдағыдай жүргізуде. Механизаторлар мен колхозшылардың өзара социалистік жарысы кеңінен өріс алған. Бригададағы үгітшілер социалистік жарыстың қорытындысын бескүн сайын шығарып, көр-

тар күніне 30—40 гектар жердің егінін жыйнап, басқа комбайншыларға еңбек үлгісін көрсетуде.

Колхоз партия ұйымының айына бір рет шығатын қабырға газеті колхозшылар сүйсінерліктей өте әсерлі шығады. Газетте озат колхозшылардың тәжірибесі жазылады. Партия ұйымының есебінде лектор тобы ұйымдастырылған. Бұл ұйымда колхоз агрономы және мұғалімдер жұмыс істейді. Олар механизаторлар мен колхозшылар арасында әр тақырыпта еліміздің озат колхоздарының және совхоздарының іс тәжірибесін кеңінен насихаттап, колхоздың шаруашылық жағдайымен байланыстырып отырады.

СОКН Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысымен жігерленген колхозшы шаруалар мал азығын дайындауда және егін жыйнау, мемлекетке астық тапсыруда социалистік жарыстың туын жоғары ұстап, бұдан былай да жаңа табыстарға жете бермек.

Қ. ЕСТАЕВ.

ОРДЕНДІ БАЙЛАНЫСШЫ

Қалалық почта, телеграф, телефон байланысының үйі күні-түні адамнан бір босамайды. Әсіресе, кең залдың төр жағындағы терезелердің алдында адамдардың көптігі есіктен кірісімен бірден көзге түседі. Бұл қатарда почтамен жіберілген ақшаны беретін және қабылдайтын, хат-хабарлар жөнелтетін, конверт, маркалар сататын терезелер орналасқан. Әйнекіненің арғы жағында отырған почта қызметкерлерінің қыймылы байыпты, асыңасу байқалмайды, артық сөз жоқ.

Міне, почта арқылы жіберуге ақша қабылдайтын және келген ақшаны беретін терезе. Касса қызметкері —жасы елулерден асқан қызылшайраылы әйел келген адамдардың тілегін тез және мәдениетті орындап, кішіпейілділікпен қызмет етуде. Бұл қарт байланысшы, облыстық байланыс мекемесінің таңдаулы қызметкері Любовь Евгеньевна Логинская еді.

Любовь Евгеньевна байланыс мекемесінде 1922 жылдан бері істейді. Почта байланысының заказдар қабылдайтын столына тұңғыш жұмысқа кіргенде оның жасы небары 22-ге ғана еді. Ал, көзір жарты ғасырдың белесінен асты. Осы өмірдің 33 жылын арнаған өзінің сүйікті ісіне Любовь Евгеньевна бірде-бір рет нұқсан келтіріп көрген емес. Бұған почта мекемесінен, байланыс қызметкерлері кәсіп-одақтарының облыстық комитетінен, тағы басқа орындардан айтылған ондаған алғыстар мен берілген грамоталар, кішіпейіл байланысшының адал еңбегін баяндаған баспасөз материалдары толық айғақ.

...Облыстық атқару комитетінің мәжіліс залы. Зайға халық ерекше көп жыйналған. Жыйналғандардың біріне-бірінің күлімсірей қараған көздері, жүрек толқуымен сол қызарған келбеттері олардың ішкі дүниесіндегі шексіз қуанышты біл-

діреді. Қуанышты адамдардың жайдары жүздері кең залға ерекше бір сән бергендей. Бұлар —байланыс мекемесінде көп жыл бойы мінсіз қызмет істегені үшін Совет Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталғандар еді. Ал, көзір сол наградтар салтанатты түрде тапсырылмақ. Олардың ішінде Любовь Евгеньевна Логинская, Андрей Иванович Остапчук, Аполинирия Андреевна Голеничеваның қуанышы шексіз. Өйткені, олар ең жоғарғы награда — Ленин орденін алмақшы.

Салтанатты жыйналыс басталды. Алғы сөздерден кейін Солтүстік Қазақстан облысының алдыңғы қатарлы байланыс қызметкерлерін ССР Одағының орден, медальдарымен наградау туралы Указ оқылды.

Облыстық атқару комитеті председателінің орынбасары Цимбал жолдас сыртына алтын жазумен «Ленин ордені» деп жазылған қызыл сандықшаны тапсырып:

—Ең жоғарғы наградамен наградталуыңызды құттықтаймын, —деп қолын қысқан да Любовь Евгеньевна алғашқы сөздерден не дерін білмеді. Манадан бері «осылай деп айтармын» деген сөздері де әлсөтте-естен шықты.

—Қамқорлығы үшін партия мен үкметке көп рақмет... Наградты ақтаймын, —деді ол өзінің барлық алғысы мен қуанышымен осы бір ауыз сөзбен білдіріп.

Өз өмірінің осы бір ең қуанышты минуттарында Любовь Евгеньевна өткен өмірдің кейбір көңілсіз көріністерін есіне түсірді. Оның 9-10 жастағы кезі болатын. Әкесі, орта мектептің оқытушысы Евгений Афанасьевич қызметтен өте шаршап келген күндерінің бірінде кішкене Любаны алдына алып отырды:

—Ата-ананың көрген қызығы тым аз. Азатты патша заңы, әлсізді-күшті, кедейді-бай қанаған заман —осының бәрі біздің өмірімізге күңгірт таңбасын басты. Енді болашақ сендердікі —адал-рың жарқын, —деп маңдайынан иіскен еді. Кішкентай Люба бұл сөздерге, әрине, онша көп мән бермеген-ді. Дегенмен, «папам неге бұлай айтты» деген ойға түсіп-ақ қалып еді.

Любовь Евгеньевна Логинскаяның әкесі Евгений Афанасьевич патша өкметі тұсында оқытушы болып қызмет істеген болатын. Ол адал және еңбек сүйгіш адам еді. Өз ісіне жан-тәнін аямай кірісетін, кейде түн ұйқысын да бөлетін. Осылайша патшалық Россия мектебінің қабырғасында 35 жыл өмірін өткізді. Бірақ тұрмыс дәрежесі айтарлықтай жақсармады. Мемлекеттегі ең жоғарғы награданы бермек түгіл көп жылғы еңбегі кіші-тірім сыйлықпен де аталған жоқ.

Ал, көзір Любовь Евгеньевна еңбегімен бақыт тапқан құрметтілердің бірі. Сондықтан да ол өз қызметі туралы зор сүйіспеншілік мақтанышпен сөйлейді.

—Мен өмірімнің көбін байланыс қызметіне арнадым. Бұдан былай да туысқан коллективпен бірге еңбекшілерге адал қызмет етуден күшімді аямаймын. Жоғарғы награда менің бойыма жаңа қайрат жігер бітірді, —дейді ол.

Еңбегі ерекше бағаланған Ленин орденді қарт байланысшының болашақта да халық игілігі үшін қажырлы еңбек ете беретініне сенім мол.

Х. РАХМАТУЛЛИН,

понттың немесе монахтың батасын алып келу, садака беру, шіркеулерге барып намаз оқу сияқты фактілер бұл мектеп оқушыларының арасында жиі кездесетін жағдайға айналып отыр. Мектеп оқушыларының маскүнемдікке, дарта ойнаушылыққа, бұзақылыққа бой ұруы сияқты жатқылықтар да жоқ емес.

Мұның барлығы әлі де болса қала мектептерінде мектепте тәрбие жұмысын

Үлгілі мектеп

Октябрь ауданындағы Қызылту жеті-жылдық мектебінің оқытушылар коллективі өткен оқу жылын зор табыстармен аяқтаған болатын. Ал, Сүлейменов, Шоқатов, Ғұмаров сияқты оқытушылар өздері жетекшілік еткен класта бірде-бір оқушының сабақ үзгермей қалмауына жетісті.

Мектеп коллективі жаңа оқу жылына дайындық жұмыстарын да ерте бастап қолға алып, оны қызу жүргізді. Олар мектеп үйін жөндеу, оқушыларды қажетті оқулықтармен, жазу-сызу құралдарымен қамтамасыз ету ісін ойдағыдай жүзеге асырды. Ал, оқушылардың жазғы каникулы кезінде оқытушылар мектеп пионерлерінің экскурсиясын ұйымдастырды. Сол сияқты, оқушыларды колхоз шаруашылығына көмектестіру сияқты жұмысқа да зор маңыз берді.

Қызылту жетіжылдық мектебінің оқытушылар коллективі жаңа оқу жылына зор дайындықпен келіп отыр. Мұның өзі олардың жаңа табыстарға жететіндігінің кепілі болып табылады.

К. БӨРІҚҰЛАҚОВ.

Жұмысшылар сырттан оқуда

Біздің елімізде еңбекшілердің оқып білім алуына барлық жағдай жасалған. Елімізде көптеген сырттан оқытатын жоғары оқу орындары жұмыс істейді. Бұларда мыңдаған жұмысшылар өндірістен қол үзбей өздерінің білімдерін көтеруде. Сырттан оқудың, әсіресе, жоғары оқу орындары жоқ біздің облыс еңбекшілері үшін зор маңызы бар. Өйткені, өнеркәсіпорындары мен МТС-тердің нығайып өсе түсуіне байланысты оларға жоғары білімді, тәжірибесі мол инженер-техник қызметкерлер де көбірек керек болады. Сондықтан да, қаламызда Бүкілодақтық машина жасау институтының сырттан оқыту бөлімінің оқу түсінік пунктін ашылған болатын. Мұнда инженер-механиктер әзірленеді. Көзір 50-ден астам жұмысшылар сырттан оқып жүр. Олардың теориялық материалдары терең меңгеруіне ғылым кандидаттары Чулков, Гольдштейн, Черепанов жолдастар көп көмек көрсетуде.

Мұнда бымыл да ондаған жұмысшылар оқуға қабылданбақ.

Ә. СЕРІКОВ.

ла мектептерінің өмірінде елеулі орын ала алмай отыр. Бұған мысал ретінде осы уақытқа дейін әр және қыз балалар бірлесіп оқытатын болып, қайта құрылған мектептерде ынтимақты коллектив құру мәселесінің аяқталмай отырғандығын айтып өтуге болады.

Оқушылар тәртібін нығайтуда мектептегі оқушылар комитеті мен пионер және комсомол ұйымдары зор роль атқарады.

Смирнов орта мектебінде

Смирнов поселкасының орталық көшесіне орналасқан, көркем дуалмен қоршалып, айнала әртүрлі ағашпен көмкерілген үлкен ағаш үй төңірегтегі үйлерден оқшау көрініп, ерекше көз тартады. Оның күн көзіне шағылысқан терезелері де, самал желмен сылдыр қаққан ағаштары да, тап тинақтай етіп жыйнаған іші-сырты да бұл үйді жұрттың құрметтеп, қамқорлықпен күтім ұстайтындығын айтып тұрғандай. Поселка орталығында ерекше сымбатты көрініп тұрған бұл үй —осындағы орта мектеп үйі еді.

Поселка тұрғындары өз мектебіне үнемі көңіл бөліп, қамқорлық жасап келеді. Смирново орта мектебі быйылғы оқу жылына да үлгілі әзірленді. Мектеп үйі жөнделіп, класс бөлмелері, пән кабинеттері тәртіпке келтіріліп, мебельдермен қамтамасыз етілді. Лабораториялық жұмыстарға керекті аспаптар сатып алынып, кітапхана оқулықтармен, көркем әдебиеттермен толықтырылды.

Мектептің оқытушылар құрамы да толық. Олардың көпшілігі педагогикалық жоғары білім алу үшін еліміздің жоғары оқу орындарында сырттан оқиды. Сырттан оқып жүрген 22 оқытушының екеуі педагогикалық институтты бітіріп, диплом алып шықты. Оқытушылар коллективіне бымыл педагогикалық жоғары оқу орындарын бітірген жас мұғалімдердің тағы бір тобы келді. Жас мамандар Л. Целуйко, Н. Шиндина, А. Якушева, М. Жаналина, М. Яңец, Р. Тілегеновалар өздерінің мұғалімдік жұмыстарын осы мектепте бастайды.

Оқытушылар коллективі поселканың оқу жасындағы балаларын түгел қамту мақсатымен олардың тізімдерін ерте бастап алып, ата-аналарымен әңгімелер өткізеді. Бұл істе оларға аудан орталығының комсомол, совет активтері көп көмек көрсетті. Оқу жылы басталудан көп бұрын оқушылар кластарға бөлініп, олардың класс жетекшілері белгіленді. Класс жетекшілері мен оқытушылар оқу-тәрбие жұмыстарының жоспарларын жасағанда, бұл жоспарлардың жаңа программаға сай және оқушыларға еңбек тәрбиесін беруге бағытталуын қарастырды.

Мектептің оқытушылар коллективі өздерінің үнемі оқып отыруының және жас өспірімдер арасындағы тәрбие-тәрбие жұмысын ауыры ұйымдастыру, сабақтардың жоғары дәрежеде өтуіне жетісуі нәтижесінде мектеп жыл сайын жаңа табыстарға ие болып келеді. Соңғы алты жыл ішінде 10 класта оқыған 239 оқушыдан 238 оқушы мектеп бітіріп, көмелеттік аттестат алды. Ал, 1953—1954 жылдарда мектеп бітірген 175 оқушыдан 15 оқушы

ланды. Байандамашы және жарысөзде шығып сөйлеген жолдастар өткен оқу жылында орын алған кемшіліктерден тиісті қорытынды жасап, жаңа оқу жылында жүзеге асырылуда тиісті міндеттер жөніндегі істелетін жұмыстар туралы өз пікірлерін ортаға салды. Сөйтіп, алда тұрған міндеттерді орындау жөнінде нақтылы шаралар белгіледі.

А. ӘЛИЕВ.

алтын және күміс медальдармен наградталды. Көзір мектеп бітіргендердің бір-сыпырасы жоғары білім алып, еліміздің түпкір-түпкірінде агроном, оқытушы, дәрігер, тағы басқа мамандықтармен қызмет істеп жүр. Жүзден астам оқушылар еліміздің жоғары оқу орындарында, оның ішінде үш оқушы / Ломоносов атындағы университетте оқиды. Өткен жылы мектеп бітіргендердің басым көпшілігі ауыл шаруашылығы оқу орындарына түсті.

Өткен оқу жылында мектепте көптеген пән үйірмелері жұмыс істеді. Олардың жұмыстары оқушылардың оқулықтардан алған білімдерін одан әрі тереңдете беруді қамтамасыз етті. Үйірмелердің ішінде әсіресе география және биология үйірмелерінің жұмыстары жемісті болды. География үйірмесінің мүшелері ауданымыздың шаруашылығымен, тұрған орнымен танысты. Сол сияқты еліміздің табиғат байлықтарымен аға райы туралы оқып үйренді. Колхоздарға, МТС-терге экскурсиялар ұйымдастырды. Жас географтардың бір тобы Смирнов-Валқаш-Смирново маршруты бойынша экскурсия жасады. Ал, енді бір тобы астанамыз Москваға барып қайтты.

Жас мичуриншілер мектеп жанындағы 8 мың шаршыметрлік алаңды тамаша баққа айналдырды. Олар 9 түрлі 748 түп жеміс ағаштарын отырғызды. Мұнымен бірге 1870 түп көркейткіш ағаштар отырғызылған. Мектеп жанындағы тәжірибе алаңында овоцтардың, астық дақылдарының ондаған сорттары өсіріліп келеді. Олардан быйыл да мол өнім алынбақ. Тәжірибе алаңындағы табысты жұмыстар оқушылардың биологиядан жан-жақты терең білім алуына мүмкіншілік туғызуда.

Оқушылар аудан колхоздарына да үнемі көмектесіп келеді. Олар жазғы каникул кезінде колхоздарда пішен жыйнау, астық дайындау жұмыстарына көмектесті.


Бұл жұмыстарды жүргізуде оқытушылар коллективіне комсомол, пионер ұйымдары, ата-аналар үнемі көмектесіп отырды. Олардың жұмыстарына тәжірибелі оқытушылар басшылық жасады. Комсомол, пионер ұйымдарының жұмыстарын үстеміздері жылы да жақсы дәрежеде жүргізу қарастырылып отыр.

Алдымыздағы оқу жылында да Смирнов орта мектебінің коллективі ұйымдасқан түрде жұмыс істей отырып, жас өспірімдерді коммунистік рухта тәрбиелеу және оларға саналы тәртіп, саналы білім беруде жақсы нәтижеге жетеді. Оған мектепте толық мүмкіншілік бар.

С. КАЮМОВ.

Егін жыйнау мен астық дайындауда озаттарға теңелейік!

Петропавл ауданындағы Пушкин атындағы колхоз мемлекетке міндетті астық тапсыру жоспарын орындады



СУРЕТТЕ: Пушкин атындағы колхозда егін орып жүрген «С-4» комбайны. Сол жақтағы суретте комбайншы В. Пашенко жолдас.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Егіншілер арасындағы саяси жұмыс

Колхоз партия ұйымы өзінің бүкіл жұмысында колхозшылар бұқарасының инициативасын қолдай отырып, шаруашылық жұмыстардың кезінде орындалуына ерекше назар аударды. Ұйымның құрамында коммунистер көп емес. Алайда, партия ұйымы комсомолецтер мен партияда жоқ активтерге сүйеніп отырып, артедь өндірісінің бүкіл саласына өзінің ықпалын анағұрлым арттырды. Бұл шікірімді дәлелдеу үшін партия ұйымының егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру кезіндегі жұмысын айсыалға алуға болады.

СОКП Орталық Комитетінің июнь Пленумының қаулысын жүзеге асыру мақсатында партия ұйымы колхозшы шаруалар арасындағы партиялық-саяси жұмысты өскелең талаптың дәрежесіне сәйкес ұйымдастыруды ең басты міндеті егін қойды. Ол август айының басында ашық партия жыйналымын шақырды. Оған колхоз комсомолецтері, тракторшылар мен комбайншылар қатысты. Күн тәртібінде егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жөнінде мәселе талқыланды. Жыйналысқа қатысушылар, коммунистер Лопаткин, Хренов, комсомолец комбайншы Пашенко, колхоз бухгалтері Потапов жолдастар сөз сөйлеп, егін жыйнау маусымына әзірлікте орын алған кемшіліктерді дереу жою жөнінде бағалы ұсыныстар жасады. Сонымен қатар, олар астық үшін күресте еңбек өнерісін көрсету жөнінде көтеріңкі міндеттемелер алды. Мәселен, комбайншы Пашенко өздігінен жүретін комбайнмен күн сайын кемінде 20 гектар жердің егінін жыйнау жөнінде сөз берді.

Колхоз партия ұйымының секретары Сазонов жолдас активтермен бірлесіп отырып, партия жыйналысының қаулысын жүзеге асыру жөнінде ұйымдастыру жұмыстарын жүргізді. Осының нәтижесінде:

Партия ұйымы үгітшілердің семинар-кеңесін өткізіп, егін жыйнау кезіндегі бұқаралық-саяси жұмыстың міндеттері жөнінде түсінік берді. Кеңесте астық ысырабына жол бермеу жөнінде арнаулы баяндама жасалды. Мұның бәрі колхоздың егін жыйнау жұмысына ұйымшылдықпен кірісуін мүмкіндік туғызды.

Егін жыйнаудың алғашқы күндерінен бастап партия ұйымы социалистік жарыстың нәрменді ұйымдастырылуы үшін күресті. Үгітшілердің әңгімелерінде, бригадалар мен астық қырмандағы да шығарылатын жауынгерлік листоктарда егіншілердің социалистік жарысының барысына үнемі қорытынды жасалып, өндіріс озаттарының еңбектегі үлгілері насихатталды. Мәселен, күн сайын еменалық тапсырмаларын 125-130 процент орындап жүрген комбайншылар Пашенко, Семидоцких жолдастардың жұмыс тәжірибелері жөнінде комбайн агрегаттарында арнаулы әңгімелер өткізіліп, жауынгерлік листоктардың кезекті нөмірлері шығарылды. Мұндай шаралар транспорт бригадасы мен астық қырманда да жүзеге асырылып отырылады. Үгітшілер Лопаткин және басқалары өдерінің жұмысында топтық және жеке әңгімелерді жиі қолданады.

Партия ұйымы жұмыстың барысында кездескен кемшіліктерді дереу жою жөнінде қажетті шараларды жүзеге асырады. Бұдан он күн бұрын қырманда астық бөтелін қалды. Партия ұйымы бұл кемшілікке тезе алмады. Ол өзінің ашық жыйналысында мемлекетке астық тапсырудың қанағаттанғысыз жағы жөнінде мәселе талқылады. Партия жыйналысы комбайннан астық алу үшін көлікті жеткілікті бөлу, онда жұмыс істеп жүрген машиналарды пункттерге астық тасуға дұрыс пайдалану жөнінде қаулы алды. Қаулы жүзеге асырылды. Осының нәтижесінде колхоз мемлекетке астық тапсыру қарқының еселен арттырып, жоспарды мерзімінен бұрын орындады. Бұл жұмыста

Астық өндірісін шұғыл өркендету күресінде жаңа табыстарға жетудеміз

Біздің колхоздың колхозшылары СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының тарихи қаулысын жүзеге асыра отырып, ауылшаруашылық жұмыстарында елеулі табыстарға ие болып келеді. Колхозшылар және Петропавл МТС-нің біздің колхозды қастығын механизаторлары бйыыл бітік егін өсіру мақсатымен көктемгі егіс жұмыстарын қысқа мерзімде орындап шықты. Бұл колхозда мол өнімді егін өсуіне мүмкіндік берді.

Колхозшылар мен механизаторлар астық өндірісін дағдырын шешетін маусым—егін жыйнауға барлық жағынан тыңғылықты әзірлікпен кірісіп, оны ұйымшылдықпен жүргізуде. Егін жыйнау жұмысы басталмастан 15 күндей бұрын колхозда егін жыйнаудың және астық дайындаудың үлгілі жоспары жасалды. Ол жоспарда әрбір колхозшының және механизатордың қай үчаствте жұмыс істейтіндігі белгіленді.

Рас, біздің колхоз аудандағы ең шағын шаруашылық. Бізде жыйналуға тиісті дәнді дақылдардың көлемі небары 1000 гектардай ғана. Бұл егінді жыйнауға Петропавл МТС-і екі комбайн бөді. Оның біреуі «Сталинец-6» комбайны болса, екіншісі, өздігінен жүретін комбайн.

Бұл комбайн агрегаттарын комбайншылар Семидоцких және Пашенко жолдастар басқарады. Олар өткен жылдары да біздің колхозда егін жыйнаған-ды. Бұлар комбайн механизмдерін жақсы білетін, өз істеріне ұқыптылықпен қарайды.

Аталған комбайншылар егін жыйнаудың алғашқы күндерінен бастап еңбектің тамаша үлгісін көрсетуде. Семидоцких жолдас толық жұмыс күні ішінде 30 гектарға дейін егін жыйнап, күнделік жұмыс тапсырмасын 2,5 есе орындайды. Ал, Пашенко жолдас өздігінен жүретін комбайнмен 9 гектар орнына, орта есеппен 16 гектардан, ал кей күндері 26 гектарға дейін егін жыйнап жүр.

Колхоз басқармасы және бастауыш партия ұйымы комбайндардың өнімді жұмыс істеуіне барлық жағдай жасап отыр. Комбайн бункерлерінен қырмандағы астық тасуға транспорт күшін жеткілікті бөдік. Екі комбайнға бір жүк автомобилі мен 8 көлік бөлінді. Бушкерлерден астық агрегат жүріп бара жатқанда қотарылады. Мұның өзі де еңбектің өнімді болуына қолайлы жағдай жасауда.

Колхозшылар мен механизаторлардың еңбектегі тығыз ынтымағы көзгігі уақытта бізде егін жыйнау жоспарының 62 процент орындалуына мүмкіндік беріп отыр. Колхозда егін жыйнауды 5 сентябрьге дейін толық аяқтауға мүмкіндік бар.

Бастырылған астықты тазарту жұмысы да тыңғылықты ұйымдастырылды. Быыл өткен жылғыдан астықтың жалпы түсімі мол болуына байланысты жаңадан тағы

рын 120-130 процентке дейін орындал жүр.

Мемлекетке астық МТС автомобильдерімен жеткізіледі. Кей күндері қабылдау пунктіне 300-400 центнердей астық тапсырамыз. Колхозшылар астық тасуға қанша автомобильдер жетсе, оларға қайткен күнде де астықты тез тиен жөнелтіп отырады.

Осының нәтижесінде біз 25 августқа дейін мемлекет алдындағы бірінші парыз—астық дайындау жоспарын 110,5 процент орындап шықтық. Ал, МТС жұмыстары үшін астық тапсыру жоспары да орындалуға жуық. Біздің колхоздың колхозшылары бйыыл мемлекеттік сатып алу орындарына 1000 центнер астық сатуга ұйғарып отыр. Біз бұл астықты да 5 сентябрьге дейін қабылдау пунктіне жеткіземіз.

Бұл айтылғандар біздің астық өндірісін өркендету күресінде қол жеткен алғашқы табыстарымыз ғана. Біздің алдымызда әлі де үлкен міндет тұр. Ол—300 гектардан астам жыйнамай тұрған егінді жыйнап алу, МТС жұмыстары үшін астық тапсыру жоспарын жақын арада орындап шығу, мемлекетке астықты көптеп сату, келесі жылдың егісі үшін тұқымды жеткілікті мөлшерде дайындап алу, қоғамдық мал үшін кемінде 1000 центнер жем әзірлеу, картоп, овоцтарды уақытылы жыйнап алу.

Көзірдің өзінде отгород бригадасының мүшелері овоцтарды іріктеп жыйнап, одан алынған өнімді қала еңбекшілеріне сатуда. Біз овоцтарды сатудан көзір мындаған сом табыс таптық. Бізде 45 гектар картоп егілген болатын. Бұл да дәнді дақылдар сыяқты көп күттіруді көтермейді. Сондықтан біз картоп қазуға әзірлікті күшейтудеміз. Ал, келесі жылдың егісі үшін картоп тұқымын сақтайтын орындар жеткілікті әзірленді.

Біздің колхоздың колхозшылары егін және мал шаруашылығын жедел өркендету арқылы колхоздың экономикасын барған сайын нығайтуда. Өткен жылы колхоздың жалпы табысы 300 мың сомдай болса, бйыыл жарты миллионнан асады. Колхоздың экономикасы нығая түсуі негізінде колхозшылардың әл-ауқат мәдени дәрежесі күннен-күнге жақсаруда. Өткен жылы әрбір еңбеккүнге 4,2 килограмнан астық, 2 сом 8 тыйыннан ақша берілсе, бйыыл 3 килограмнан астық, 5 сомнан ақша беріледі. Бұдан басқа колхозшылар еңбеккүндеріне картоп, овоц өнімдерін, мал шаруашылығы өнімдерін алады. Көзірдің өзінде аванс ретінде әрбір еңбеккүнге 1 сомнан ақша, 1 килограмнан астық, 20 граммнан сыйыр майы берілді. Озат колхозшы Әрдин жолдас еңбеккүніне 60 пұттан астам астық, 16 килограмм сыйыр майын және 1500 сомдай ақша алды.

Колхозшылар егіншіліктің мәдениетін

СУРЕТТЕ: Пушкин атындағы колхоздың қырмандағы озат астық тазалаушылар (солдан оңға қарай) В. Волкова мен М. Бушина жолдастар.

Суретті түсірген А. Розенштейн.



Қарқынды бәсендетпейміз

Бұл күндері біздің бригаданың қамтуында бір «Сталинец-6», бір өздігінен жүретін «С-4» комбайндары егін жыйнап жүр. Бұл комбайндарды МТС-тен қабылдап алғанда, олардың жөндеу сапасын МТС мамандарымен, комбайншылармен бірге өзін тексеріп шықтық. Тексеру кезінде байқалған кіші-гірім ақауларды да ескеріп, оларды толық жоюдың шараларын жүзеге асыруды талап еттім. Ал, комбайндарды қабылдап алғаннан кейін агрегат мүшелерімен әңгімелесіп комбайн агрегаттарының жұмысын ұйымдастыру жөнінде мәселе талқыланды. Мұнда комбайнмен жыйналатын дәнді дақылдар егісінің мөлшерін, егін жыйнауды қанша уақытта өткізуді, күн сайын шабылатын егіннің көлемін және комбайндардың егін жыйнау жұмысындағы шаруатын қарап, талқылады. Жұмыс барысында алдын-ала жасаған жұмыс жоспарының, күндік тапсырмалардың үнемі толық және асыра орындалуын ұйымдастырып отырдық.

Комбайншылардың және агрегат мүшелерінің егін жыйнауды, астық бастыруды жоғары сапада жүргізуге жауапкершіліктерін арттыратын талаптар қойылды.

Комбайн агрегаттарында күн сайын жұмысты таңертеңгі сағат 6-да бастап, оны кешкі қараңғы түскенге дейін жүргізуді ұйымдастырдық. Комбайндарға техникалық күтім жасау, май құю, бөлшектерді жағар маймен майлау жұмыстарын үнемі бір мезгілде—таңертең жұмыс басталар алдында жүргізуді тәртіпке қойдық. Комбайн бункерлерінен астық алуға бір жүк автомашинасы, 8 көлік бөлінді. Бұлар бункерден астықты агрегат жүріп бара жатқанда алатын болды.

Міне, осының барлығы комбайн агрегаттарының егін жыйнау жұмысын басқаталғаннан бері бір рет те тоқтамай және үнемі өнімді жұмыс істеуіне жағдай туғызды. Өткен жылғыдан астықты бйыыл өткен жылғыдан анағұрлым көп сатуды ұйғарып отыр. Мұның барлығы бізді бұрынғыдан да өнімді астық тапсыру жөнінде

жұмысқа пайдалануды мұнан да жақсы ұйымдастыруға мүмкіншіліктер бар. Бірақ, шынын айтудымыз керек, біз әлі де болса кейбір мүмкіншіліктерді толық пайдалана алмай отырмыз. Мәселен, біздің бригададағы механизаторлар жұмысты сағаттық график бойынша жүргізуді ұйымдастыру жөнінде МТС басшыларының алдына орынды талаптар қойып келеді. Бірақ, бұл талап осы уақытқа дейін іске асырылмай отыр. Көзір комбайн агрегаттарының жұмысына да сағаттық график қолданылмайды. Ал, мұның өзі уақыттың өнімді пайдаланылуына кері әсерін тигізуде. Сол сыяқты, бірқатар озат комбайншылар комбайндарға үшінші астық тазартқыш орнату әдісін енгізді. Бұл бұнкерден алынған астықты қырманда тазартыстан алеваторға жөнелтуге мүмкіндік беріп келеді. Міне, мұндай озат әдістерді өндіріске енгізуімізге МТС басшылары мен мамандарынан нақтылы көмек болмай жүр.

Егін жыйнау мен астық дайындау жұмыстарын ең қысқа мерзімде, жоғары сапада өткізу үшін мұндай озат әдістерді өндіріске кеңінен енгізу бізді әлі де болса зор табыстарға жеткізеді. Сондықтан МТС басшылары мен мамандары трактор бригадаларына озаттар тәжірибесін кеңінен тарату ісіне көбірек назар аударуы қажет.

Біз жұмыс істейтін Пушкин атындағы колхоз көзірдің өзінде мемлекет алдындағы бірінші парыз—астық тапсыру жоспарын қысқа мерзім ішінде аброймен орындады. Бұл күндері МТС жұмыстары үшін заттай ақы төлеу есебіне астық тапсыру жұмысы қызу жүргізілуде. Сонымен бірге, колхозшылар мемлекеттік сатып алу орнына астықты бйыыл өткен жылғыдан анағұрлым көп сатуды ұйғарып отыр. Мұның барлығы бізді бұрынғыдан да өнімді астық тапсыру жөнінде

дала қостары жабдықталып, құрал-саймандарды жөндеу аяқталды. Колхозшылар мен колхозшылар өзара социалистік жарысқа ұштасып, көтеріңкі міндеттемелер алды. Коммунистер мен активтер астық үшін күрестің шешуші учасқотеріне бөлінді. Мәселен, коммунист Хренов транспорт бригадасында, Сазонов астық қырманда жұмыс істейтін болды.

Жұмысты жоспарлы, бірлесе жүргізудеміз

Егін жыйнау—барлық ауылшаруашылық жұмыстарының ішінде ең күрделісі. Мұнда әрбір минут санаулы. Болмашы кешеуілдетудің өзі астық ысырабына әкеп соқтырады.

Астықтың ысырап болуының себептері өте көп. Соның ішінде ең қауыптісі—егіннің аса пісіп кетуі. Егінді деркесінде және сапалы етіп жыйнау үшін әрбір дақылдың пісу мерзімдерін, оның ерекшеліктерін білу керек.

Бұл ысырылған сақтанудың бір-ақ жолы бар. Ол—жұмысты жоспарлы жүргізу. Біз егін ору науқанын осылай бастадық. Егін жыйнауға кіріспес бұрын колхозшылардың жыйналымы болды. Онда егін орағына жасалған жоспар қаралды. Колхозшылар жоспарды талқылауға белсене қатысты.

Менің бригадам екі комбайн агрегатты қамтыды. Олар сабан үйші, су тасушы, тамақ пісіруші тағы басқа маусымды жұмысшылармен қамтамасыз етілді. Мұның арлығы да деркесінде ұқыпты орындалды. Сондықтан науқан бойына агрегаттар маусымды жұмысшылар жетіспеуінен бір де сағат тоқтап көрген жоқ.

Біз жұмысты трактор бригадасымен тығыз ынтымақтаса істейміз. Біріміздің жұмысымызда кемшілік көрсек соны іле бірлесіп жоюдың қамын жасаймыз. Бұл жалпы науқанның тездеуіне жағдай жасайды. Мысалы, комбайн агрегаттары шығымы төмендеу учасқотерде жүргенде комбайннан астық қабылдауда 6 көлік, 1 жүк машинасы жүрді. Кейін агрегаттар бітік учасқотерге түскенде бұл күштің комбайннан астық қабылдауды үлгере алмайтын хауш болды. Бұдан соң біз машина қуатын максималды пайдалану үшін тағы да екі көлік қостық. Сөйтіп, комбайн қуатын толық пайдалануға мүмкіндік туы.

Егінді жыйналған жерді қабылдауда та жұмыстың сапалы болуына ерекше зер саламыз. Трактор бригадасы бйылығы науқанды мүлтіксіз жоғары сапада орындауда. Бұл, әрине, комбайншылар мен тракторшылардың, жалпы МТС механизаторларының колхоз жұмысына зор сапалылықпен, ұқыпты қарайтындығына және дала бригадасы мен трактор бригадасы арасындағы жұмыс бірлестігіне көрнекі дәлел.

Егін жыйнау науқанында астық тазарту ісін тыңғылықты ұйымдастыру да зор роль атқарады. Астықты мемлекетке өт-

роль атқарды. олар үнемі жұмыс басында болып отырды.

Партия ұйымы артель өндірісіне өзінің ұйымдастырушылық ықпалын күшейте береді.

В. ТИМОШИН,

аудандық партия комитетінің
Петропавл МТС аймағы жөніндегі
секретары.

бір жабық қырман салдық.

Астық қырмандарында тәулік бойы электр жарығының болуы астық тазартуды екі сменаді ұйымдастыруға жағдай туғызды. Астық тазартуда, әсіресе, колхозшылар М. Потапова, Е. Пашкова, В. Волкова жолдастардың еңбегі ерекше көзге түсуде. Олар күнделік жұмыс тапсырмала-

арттыруда қол жеткен табыстарды бағалай отырып, алдағы уақытта да егін шығымдылығын арттыру, егін көлемін ұлғайту үшін күресе береді. Сөйтіп, колхозымызды экономикасы нырайған шаруашылыққа айналдырады.

Н. МОИСЕЕВ,

колхоз председатели.

Қырман жұмыстың жауапты участогі

Мемлекетке астық тапсыру жұмысының қарқынды жүргізілуі, астықтың піріп бүлінбеуі қырмандағы еңбектің аурыс ұйымдастырылуына тығыз байланысты. Колхоз басқармасы егін жыйнаудың алғашқы күнінен бастап қырманда жұмыс істейтін адамдардың құрамын белгілеп берді. Бұл жұмысқа негізінен колхозшы әйелдер бөлінді. Олар астықтың тез тазартылып, кептірілуін қамтамасыз етіп келеді.

Қырманға кей күндері комбайндардан 500-600 центнер астық жеткізіледі. Бұл астықты дереу тазартпасаң, онда оның қызып бүлінуі мүмкін. Сондықтан біз қырмандағы жұмысты тәулік бойы ұйымдастырдық.

Мұндай мөлшердегі астықты қолмен тазарту көп жұмыс адамын қажет етеді. Ал, бізде еңбекке жарамды колхозшылар аз. Осы қыйыншылықты біз жеңдік. Қырмандағы барлық жұмыс электр күшімен атқарылатын болғандықтан астық тазартатын сортровкалар мен вейкалар электр қуатымен жұмыс істейді. Мұның өзі еңбектің өнімді болуына негізгі себеп болды.

Көзіркі уақытта жауын-шашынды күндер жиі болып тұр. Осы себепті қырман-

дағы еңбек ауырлай түсті. Өйткені, астықтың жауынға тиіп піруі мүмкін. Бірақ, қырмандағы колхозшылар тәулік бойы қажырлы еңбек ету арқылы бірде-бір дәннің піруіне жол берген жоқ. Олар жауынға қарамай астықты тазартып және кептіріп қабылдау пункттеріне тоқтаусыз жөнелтілуде.

Астық тазартуда, әсіресе, колхозшылар Пашкова, Потапова және Волкова жолдастар ерекше көзге түсуде. Олар әр уақытта да өздеріне тапсырылған жұмысты адал орындап отырады. Колхозшылардың осындай қажырлы еңбектері арқасында қырманда 4 мың центнердей астық тазартылды. Бұл астық дайындаудың бес-бескүндік графиктерінің колхозда мүлтіксіз орындалуына және колхоздың мемлекет алдындағы бірінші парызы—астық дайындау жоспарын мерзімінен бұрын орындап шығуына қолайлы жағдай туғызды.

Әлі де болса біздің алдымызда зор жұмыс тұр. Ол жыйналатын егіннің астығын ысырапқа ұшыратпай тазартып, кептіру. Колхозшылар бұл міндетті абыроймен орындап шығады.

Д. ДЕНИСОВ,

қырман меңгерушісі.

жүретін «С-4» комбайнының механик-комбайншы Пашенко жолдас 248 гектар егін жыйнап, 2 мың центнерге жуық астық бастырды. Ал, осы мерзім ішінде комбайншы Семидоцких жолдас «Сталинец-6» комбайнымен 300 гектардан астам егін жыйнап, 2300 центнер астық бастырды.

Көзіркі ауа райының өте қолайсыздығына қарамастан бізде комбайн агрегатта-

тимді пайдалана отырып, еңбек өнімділігін арттыра береміз. Сөйтіп, егін жыйнау мен астық дайындау жұмыстарын ең қысқа мерзімде жоғары сапада өткізетін боламыз.

Г. ШМОНИН,

Петропавл МТС-нің трактор
бригадасының бригадирі.

Комбайн тоқтаусыз жүрді

Егін жыйнау мен астық дайындау жұмыстарын ең қысқа мерзімде өткізу комбайн агрегаттарының қуатын неғұрлым өнімді пайдалануға байланысты. Мұны мен комбайншы болып істеген 10 жыл бойындағы іс тәжірибемнен жақсы білемін.

Өткен жылы өзімнің жүрегін «С-4» комбайнымен егін жыйнауға маусымдық тапсырманы екі есе артытымен орындадым. Сөйтіп, өзім жұмыс істеген Пушкин атындағы колхозда егіннің ысырапсыз, тез жыйналуына өз үлесімді қостым.

Быйыл бұл колхоз тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен егін көлемін едәуір ұлғайтты. Бұл комбайншылардан машина қуатын егін жыйнау кезінде бұрынғыдан анағұрлым өнімді пайдалануды талап етеді. Сондықтан мен комбайнның жөндеу сапасын, агрегатты қамтитын адамдардың іскерлігін, егінді жыйнайтын учасқотердің жағдайын толық есепке ала отырып, быйыл кемінде 700 гектар егін жыйнауға міндеттеме алдым.

Бұл міндеттемені орындау жолындағы

қызу күрес басталғанына үш бескүндік өтті. Осы уақыттың ішінде біздің комбайнымыз бір рет те жұмыстан тоқтап көрген жоқ. Біз күн сайын таңертеңгі сағат 6-дан бастап, кешкі қараңғыға дейін егін жыйнаймыз. Комбайнға техникалық күтім таңертеңгілікте жүргізіледі. Комбайн жүріп келе жатқанда мен кесуші аппаратын, мотордың жұмыс істеуін бақылаймын. Ал, көмекшім комсомолец Н. Шведенин жолдас астық бастыратын аппараттардың жұмысын бақылайды, сонымен бірге, бастырылған сабанға дәннің кетіуін қалағалап отырады. Егер сабанда дән кетіуі, немесе, аңызда йасақ қалуды сыяқты кемшіліктер байқалса, біз бұл кемшіліктердің болу себептерін дереу зерттеп, оны жоюдың шұғыл шараларын қолданамыз. Сөйтіп, егінді жыйнау кезінде астық ысырабының болмауын қалағалап отырамыз.

Комбайн қуатын, жұмыс уақытын тиімді пайдаланудың нәтижесінде біз күн сайын кемінде 16 гектар егін жыйнаудамыз. Ал, кей күндері жыйнаған егінміз 24-26 гектарға дейін барады. Осының нәтижесінде біздің агрегат жұмыс басталғаннан бері 248 гектар егін жыйнап, 2 мың центнерге жуық астық бастырды.

Біздің алдымызда әлі де көп міндеттер тұр. Бұл міндеттерді аз уақыттың ішінде орындау үшін комбайн қуатын бұрынғыдан да өнімді пайдалануымыз керек. Сондықтан біз күн сайын өзіміздің істеген жұмыстарымызға қорытынды жасай отырып, пайдаланылмай отырған мүмкіншіліктерді тиімді пайдаланудың жолдарын іздеудеміз. Мұның өзі біздің еңбек өнімділігін арттыра түсуімізді қамтамасыз етіп отыр.

Соңғы күндерде ауа райы егін жыйнауға өте қолайсыз болып тұр. Жауын-шашынның жиі болуынан біз егін жыйнауды тоқтатып қойып жүрміз. Бірақ, жауынды күндері де біздің агрегат тіпті қарап отырмайды. Агрегатты жауынды күндері егін жыйнауға бейімдеудің шараларын ойластырады. Біз бұл жөнінде де кейбір жеңістерге жетіп келеміз. Қатты емес жауында егінді жыйнай береміз.

В. ПАЩЕНКО,

Петропавл МТС-нің механик-комбайншысы.



СУРЕТТЕ: Пушкин атындағы колхоздың озат адамдары (солдан оңға қарай) колхоз председателинің орынбасары Н. Моисеев, дала бригадасының бригадирі П. Хренов, трактор отрядының бригадирі Г. Шмонин, астық тазалаушы М. Потапова, комбайншы Е. Семидоцких, қырман меңгерушісі Д. Денисов, астық тазалаушы Е. Пашкова, тракторшы Н. Камынин, бидай артушы И. Цыганков және комбайннан қырманға астық тасушы А. Мечкин. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Германияның біртұтас социалистік партиясы орталық комитетінің АҚШ коммунистік партиясының ұлттық комитетіне телеграммасы

БЕРЛИН, 28 август. (СОТА). Бүгін «Нойес дейчланд» газеті Германияның біртұтас социалистік партиясы орталық комитетінің АҚШ коммунистік партиясының ұлттық комитетіне жолдаған телеграммасын жариялады.

Герман демократиялық Республикасының еңбекшілері, делінген телеграммала, АҚШ-тың коммунистік партиясына тыйым салынуына қатты ашу- ыза білдіреді. Сіздің партияңызға тыйым салынуы демократияның ең жау принциптеріне шабуыл жасағандық болып қабылданы, мұның өзі американдық халқының конституция бойынша кепілдік берілген праволарына берілген соққы және фашизмге қарай үлкен қадам басушылық болып табылады.

Біз бұл тыйым салушылыққа мейлінше қатты қарсылық білдіреміз және біздің туысқандық ынтымақтастық білдіріп, қолдап отырғанымызға сіздерді сендіреміз.

Германияда фашизм дәл кәзіргі АҚШ-тағыдай, өзінің барлық демократиялық күштерге қарсы террорын жұмысы табының партиясына шабуыл жасаудан бастаған болатын. Коммунистік партияға тыйым салынғаннан кейін кәсіподақтар және басқа демократиялық ұйымдар жойылып, адамзаттың шексіз қайыршылыққа ұшыратқан дүниежүзілік екінші соғысқа ешбір кедергі- бөгетсіз әзірленушілік басталды.

Империалистік топтар жаңа соғыс авантюраларына ұмтылған кезде, олар еңбекшілердің бейбітшілікке деген ынта-жігерін басып- жаншу үшін еңбекшілерді демократиялық праволардан айыратындығын тәжірибенің өзі үйретіп отыр...

Американ монополистік капиталы американдық демократиялық және бостандық сүйгіш дәстүрлерін өрескел бұзып отыр. Өздерінің дүниежүзілік үстемдік орнату шекараларын жүзеге асыруда тырысып, АҚШ- тың билеу- төтеуші топтары фашизмге дем беріп отыр. Олар Аденауэр үкіметімен одақтасып, Батыс Германияда герман милитаризмін қайта қаруландыруда және герман патриоттарын қудалауда.

Антикоммунистік жанталасушылық пен мажартизм американдық халқының арасындағы бейбітшілікке ұмтылған прогресшіл талаптарды басып- жанша алмайды.

ШВЕЦИЯ КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ АҚШ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫНА ТЕЛЕГРАММАСЫ

СТОКГОЛЬМ, 28 август. (СОТА). «Ню даг» газетінің хабарына қарағанда, Швеция коммунистік партиясының орталық комитеті АҚШ коммунистік партиясына ынтымақтастық білдіріп, телеграмма жолдады.

«Қымбатты жолдастар, — делінген те-

Словак халық көтерілісінің онжылдығын мейрамдау

БРАТИСЛАВА, 29 август. (СОТА). Бүгін Чехословакияның қалалары мен еселарының еңбекшілері словак халық көтерілісінің онжылдығын атап өтуде.

Словакияның астанасы —Братиславада мейрамға арналған үлкен демонстрация-мен митинг болды. Қаланың және маңайдағы селолар мен деревнялардың 110 мың халқы Сталин атындағы алаңға және оған жапсарлас көшелерге келіп жыйналды. Қатар тізілген демонстранттар көптеген жалаулар, гүлдер словак және чех халықтарының даңқты жеңістерін, бейбітшілік пен социализм ісіне олардың тапжылмас берілгендігін баяндайтын түрлі-түсті транспаранттар көтерген.

Сағат 10 да Чехословакияның Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің саяси бюросының мүшелері, министрлер, Чехословакияның ұлттық жыйналысы президиумының мүшелері мен словакияның ұлттық советінің мүшелері, словакияның азат ету жолындағы ұрыстарға бұрынғы қатынасшылардың советтік делегациясы, СССР-ның Чехословакиядағы уақытша елшісі Н. Г. Крекотень, халықтық- демократиялық мемлекеттердің дипломатиялық өкілдері құрметті мінбеге шықты. Олардың мінбеге шығуын жыйналған жұрт қолшалақтап, чехословак және совет халықтарының арасындағы мызғымас, мәңгі достықтың құрметіне ұран көтеріп қарсы алды.

Салтанатты манифестацияны Словакия

Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің бірінші секретары К. Бацллек ашты. Республиканың президенті А. Запоточный словак халық көтерілісінің онжылдығы туралы сөз сөйледі. Ол словак халық көтерілісінің Чехословакияның немес- фашист құлдығынан азат етудегі тарихи маңызын атап көрсетті және еңбекшілерді социалистік құрылыс жолымен келе жатқан еркін және тәуелсіз Чехословакияның гүлденіп көркеюі жолындағы күреске шақырды.

Словакияның азат ету жолындағы ұрыстарға бұрынғы қатынасшылардың советтік делегациясының басшысы, Совет Одағының Батыры атағын екі рет алған С. Ковпактың сөз сөйлеуін манифестацияға қатынасшылар, ду қолшалақтап қарсы алды. С. Ковпак жыйналғандарды қаһарман словак көтерілісінің даңқты мерекесімен шын жүректен құттықтап, бостандық сүйгіш чехословак халқының бейбітшілік пен социализм жолындағы күрестің ұлы ісінде жаңа табыстарға жетуін тіледі.

Қорытындысында Словакияның ұлттық советінің өкілдер корпусының председателі Р. Стрехай сөз сөйледі.

Күндіз стадиондарда, бақтарда, парктарда, Дунайдың жағалауында жаппай халықтық серуендер болды. Кешке Братиславада словак халық көтерілісінің онжылдығы құрметіне артиллериядан салют беріліп, фейерверк жанды.

ГДР-дың мемлекеттік хауіпсіздік істері жөніндегі статс секретариатының хабары

БЕРЛИН, 28 август. (СОТА). «Нойес дейчланд» газеті ГДР-дың мемлекеттік хауіпсіздік істері жөніндегі статс секретариатының хабарын жариялады. Хабарда былай делінген: ГДР-дың мемлекеттік хауіпсіздік органдары Геленнің батыс-германиялық шпиондар ұйымының тұтқындалған агенттерінің біреуінің пәтерінде тіпту жүргізген кезде американдардың нұсқауы бойынша Гелен разведкасының орталық аппараты жасаған «бөріне арналған бас тапсырма» дейтін документті тапты.

Документте соғыс болған күнде Гелен агенттерінің аппаратының қызметіне арналған нұсқаулар бар және ол 16 пункттен құралған. Атап айтқанда, бұл документтің екінші пунктінде агенттер одақтастардың әуе соғысы күштерінің темір жол бойына, жолдарға, көпірлерге, ірі байланыс тораптарына, мысалы телеграфқа және сол сыяқты орындарға жасаған шабуылдың зардаптарын анықтауға, тиісті қалпына келтіру жұмыстарының, жаңа көпірлер, жолдар салынуы, жол түзетуін және басқаларын бақылап отыруға міндеттелетіндігі көрсетілгені.

БАТЫСГЕРМАНДЫҚ ҮКМЕТ ОРЫНДАРЫ БАТЫС БЕРЛИНДЕ ХАЛЫҚТЫҢ ДАУЫС БЕРУІН ӨТКІЗУГЕ БӨГЕТ ЖАСАУҒА ТЫРЫСУДА

БЕРЛИН, 28 август. (СОТА). 27 августай Берлиннің ағылшындық секторында ха-

«Бас тапсырманың» 12-пункті агенттерге ГДР-дағы барлық экономикалық шараларды есепке алып отыруды жүктейді. Мұнымен қабат бұл документ агенттерден электр қуатын, химия өнеркәсібіне арналған негізгі шикізатты жасап шығаратын кәсіпорындардағы өнеркәсіп өнімінің дәрежесі туралы мәліметтер жыйнауды, одақтастардың әуе соғысы күштеріне кәсіпорындарға жасаған шабуылдарының нәтижелерін анықтауды сол сыяқты, қыратылған кәсіпорындарын қалпына келтіру әрекеттерін және олардың іске қосылуын бақылап отыруды талап етеді.

«Бас тапсырманың» 15-пунктінде агенттерге одақтастардың әуе шабуылдарының нәтижесінде немес халқының арасында болған шығындарды есепке алып отыру, сол сыяқты, темір жолдар және авто-стрададар бойымен транспорттың жүруін қадағалап отыру, госпитальдардың орналасқан жерлері туралы және жұкналы аурулардың есеп алуы туралы хабар беріп отыруды ұсынады. «Бас тапсырмада» Гелен ГДР-ды қорғауға қатысатын әскерлердің ауысуын бақылап отыруға да нұсқау берілгені.

мұның өзі конституцияға қайшы келетіндігі және Батыс Берлин халқының

ГЕРМАНИЯ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫНЫҢ БАСҚАРМАСЫ СЕКРЕТАРИАТЫНЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

БЕРЛИН, 28 август. (СОТА). АДН агенттігінің хабарына қарағанда, секретариаттың мүшелері Фриц Ринне мен Юц Ангенфорттың тұтқындалуы жөніндегі мәлімдемесінде Германия коммунистік партиясы басқармасының секретариаты былай деп көрсетеді: «Аденауэр үкіметінің апатқа ұшырататын саясатына қарсы күшейіп отырған бұқаралық қозғалысқа әдеттегі құралдардың жәрдемімен бұдан былай қарсы тұруға Аденауэр үкіметінің халі жетпейді. Фриц Ринне мен Юц Ангенфорт бейбітшілік және Германияны ұлттық қайта қосу жөніндегі дәйекті күресі үшін тұтқындалды. Аденауэрдің конституцияны ашық бұзу жолымен Германия коммунистік партиясын басшылықтан айырмақшы екендігі Маке Рейманды тұтқындау туралы бұйрықтан кейін, Ледвонды және кәзір Фриц Ринне мен Юц Ангенфортты тұтқындағаннан кейін әрбір адамға айқын».

Германия коммунистік партиясы басқармасының секретариаты барлық еңбекшілерді Фриц Риннені, Юц Ангенфортты, Ледвонды дереу босатуды талап етуге шақырады.

«ЕВРОПАЛЫҚ ҚОРҒАНЫС БІРЛЕСТІГІ» ФРАНЦИЯНЫҢ ҰЛЫ ДЕРЖАВАЛАР ҚАТАРЫНАН ШЫҒАРЫП ТАСТАЙДЫ

Венсан Ориольдың мәлімдемесі

ПАРИЖ, 28 август. (СОТА). Франс Пресс агенттігінің хабарына қарағанда, Франция республикасының бұрынғы президенті Венсан Ориоль өзіне барған делегацияға мынадай мәлімдеме жасаған:

«Өзінің қабылдамақшы болып отырған қарарының маңыздылығын әрбір депутаттың өзінің сезінетіндігіне мен сенемін. Францияның дағдыры мен дүние жүзінің дағдыры зор хауіп үстінде тұр. Дауыс беруге әсер ету мақсатымен («европалық бірлестік» жөніндегі мәселе туралы Ұлттық жыйналыстың дауыс беруі.—ред.) адам айтқысыз аласулармен, белгілі дәрежедегі фанатиктік көзқарастармен қолдау тауып отырған қысым жасаушылықтың француз парламентінің ұлттық рухы, салқын қандылығы тарапынан лайықты қарсылыққа кездесетініне сенемін.

Маған келетін болсақ, менің пікірім өзгерген жоқ. Бұл пікірімді мен 1950 жылғы октябрьдегі және 1951 жылғы марттағы және октябрьдегі үкіметке жетпес беру және оларды сақтандыру туралы жазылған мақалаларымда өз мүмкіндігіме айтқан болатынымын. Мен оларды бұл айтыстар тарихқа мәлім болатын күн жариялаймын.

Бүгінгі күні мен Германияны тіпті бірнеше мемлекеттің коалициясы шеңберінде қаруландырудың хауіпті өкпендігін әшке-реттеу мақсатымен еркін азамат правосын пайдаланамын, олар европалық бірлестік деген жалған атпен ертеңі күні шексіз болып келетін қайта қаруландыруға келісуге мәжбүр етуге тырысуда.

Брюссель ойыны француздарға өз елінің вассалдық жағдайда қалатындығын, Фран-ция үшін бұл жаған Европалық ішінде

Спортшылар жарысы

Бұл күндері Петропавл қаласында «Энергия» ерікті спорт қоғамдарының республика бойынша бірінші орын алу жарысы басталды. Жарысқа қаланың Киров атындағы заводпен орталық жылыту электр станциясының командасы, сол сыяқты, Қарағанды, Өскемен қалаларынан келген футболшылар командасы қатысатын.

«Энергия» стадионында Петропавл орталық жылыту электр станциясының командасы мен Өскемен командасы алғаш рет кездесті. Ойынның біраз уақыты өткенше бұл екі команданың футболшылары бір- бірінін қақпасына доп өткізе алмады. Дегенмен, жыйналған қала жұртшылығы алаң иелерінің ойын техникасын және олардың ықпал қыймылдарын, футболшы қонақтардан басым екенін бірден-ақ аңғарды.

Ойынның бірінші жартысының аяқталуына аз ғана уақыт қалған кезде, алаң иелері күшті шабуылға шығып, қарсы жақтың қақпасына бір доп өткізді.

Үзілістен кейінгі ойында да алаң иелері қонақтардан әлде қайта басым ой-айтындықтарын анық көрсетті. Олар жиі- жиі шабуылға шығумен болды. Соның нәтижесінде қарсы жақтың қақпасына бірінен соң бірін, тағыда үш доп өткізді. Сөйтіп, ойынның ақырғы қорытындысы 4:0 есебімен петропавдықтардың жеңісіне аяқталды.

Футбол алаңына бұлардан кейін бірінші орынға талас—Қарағанды командасы мен Петропавл командасы шықты. Бұл мезгілде күн райы да құбылып, аздап жауын жауған кез еді. Ойыншылардың жүгіруіне, доп ұруына едәуір қыйыншылықтар туы. Солай бола тұрса да футболшылар ойынның қарқынын бұрынғысынан кеміткен жоқ. Ойынның алғашқы кезінде шабуылға шыққан алаң иелері ерекше көзге түсті. Көп уақыт өтпей-ақ олар қонақтардың қақпасына 11 метрлік доп ұруға ерік алып, есеп ашты. Бұдан

кейін 15 минуттай уақыт өткен кезде футболшы Кулаков петропавдықтардың есебін 2:0 ге жеткізді.

Қарағанды футболшылары ойынның алғашқы уақытындағы сәтсіздікке абыржымады. Қайта, олар ойынды барған сайын шиеленістіре түсті. Олар қайтадан жиі- жиі шабуылдарға шығып отырды. Сол жақтағы шеткі шабуылшы Семенид алаң иелерінің қақпасына бір доп өткізді. Ол екінші допты да қақпаға тіпті жақын жерден ұрып, есепті теңеді.

Ойынның екінші жартысы да өте қызу және қызғылықты басталды. Екі команданың футболшылары да ойында бар өнерлерін аямай салып, жеңіске жету мақсатында болды. Шиеленіскен ойынның 15 минутында Шабанов өзіне ыңғайлы берілген допты қатты ұрып қарсы жақтың қақпасына тағы бір доп өткізіп, оқ командасына алға шығуына мүмкіндік туғызды.

Қарағанды футболшылары тағы да жаңа шабуылдарын бастады. Олар Петропавл командасының бір қорғаушысының допқа қол тигізгенін пайдаланып, 11 метрлік айып добын ұруға ерік алды. Сөйтіп, петропавдықтармен есепті қайта теңеді.

Ендігі ойында қай команда жеңіп шығары белгісіз болып, стадионға жыйналған жұрттың ойынды тынышсыздана бақылап отырған кезеңінде— қонақтардың қақпа қорғаушысы, өте төмен ұрылған допты аламын деп сәтсіздікке ұшырады. Ол қолындағы допты шығарып алды. Бұл жағдайды алаң иелерінің сол жақ шеткісі Галаев орынды пайдаланып, қорғаусыз қалған қақпаға допты тура жіберді. Сөйтіп, бұл жолғы кездесуде де Петропавл командасы 4:3 есебімен ойынды өздерінің жеңісіне аяқтады.

«Энергия» ерікті спорт қоғамдарының республикада бірінші орын алу жарысы әлі жүріп жатыр.

Ж. МҰҚАНОВ.

Бірінші орынға ие болды

Қала бойынша городки ойынынан бірінші орын алу жарысы аяқталды. Жарыс қорытындысында «Динамо» ерікті спорт қоғамының спортшылары өздерінің жақсы дайындалдықтарын көрсете білді. Олар 19 ұпай алып, бірінші орынға ие болды.

Аталған команданың городкишыларына қалалық физкультура және спорт бөлімінің ауыспалы жүлдесі мен бірінші дәрежелі диплом тапсырылды. Команда городкишылары бұл табыстарын баянды ету мақсатымен городки ойынының тәсілдеріне жетіле беру үшін күресуде.

Дегенмен, қаланың барлық спорт қо-

ғамлары бұл жарысқа ойдағыдай қатысты деуге болмайды. Бұрынғы күшті командалардың бірі «Локомотив» командасы былай төртінші орында қалды. Ал, «Буревестник», «Труд», «Торпедо» және «Спартак» ерікті спорт қоғамдарының командалары жарысқа мүлде қатыспады.

Қаланың физкультура және спорт қоғамдарының басшылары келешекте городки ойынының жоғары дәрежеде өткізілуіне ерекше көңіл бөліп, спортшылардың городки жарысына толық дайындықпен қатысуын қамтамасыз ете білулері керек.

В. ЗОЛОТИЛИН.

Жаңа почта бөлімшесі

СОКП Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің елімізде тың және тыңайған жерлер игеруінің қарқынын күшейте түсу жөніндегі қабылдаған қаулысында Байланыс министрлігінің алдына та үлкен міндеттер қойылды.

Жаңадан ашылатын почта бөлімшесі Совет МТС-і, Трудовое селосы, Молотов атындағы колхоз, «Борьба за коммунизм» колхоздарын қамтыйтын болады.

Тың және тыңайған жерлерді игеруге

жарамда, — демократия жауларының тарапынан үлкен қатер төніп отырғандығына байланысты біз АҚШ-тың барлық коммунистеріне туысқандық ынтымағымызды білдіріп, сәлем жолдаймыз. Бұл фашистік қиялшылдықтан сіздердің қорықпайтындарыңызды, қайта бейбітшілік пен демократия саясаты жолындағы күресті күшейте және жүргізе беретіндіктеріңізді біз білеміз».

Швецияның бейбітшілік пен демократияны жақтаушылары АҚШ-та компартияның және барлық демократияшылар, бейбітшілік сүйгіш күштердің құдаланып отырғандығына ызаы екендігі телеграммада атап көрсетіледі.

Шағын двигательдер жасау заводында

КӨТЕРІНКІ МІНДЕТТЕМЕ, БЕРІК СЕРТ

Шағын двигательдер жасау заводы қаладағы ірі өндіріс орындарының бірі. Мұнда ауыл шаруашылығын электрлендіруге арналған шағын двигателер мен двигателдер жасалады.

Завод өткен жылдағылармен салыстырғанда үстіміздегі жылы өз жұмысын едәуір жақсартқан. Оның ойдағыдай көрсеткіштері мен қол жеткен табыстары бар.

1954 жылдың өткен 7 айы ішінде завод жоспарда көрсетілгендегіден жалпы өнімді 104,8 процент ал, бұйым шығаруды 105,4 процент етіп асыра орындады. Бұл, нақтылы цифрмен көлтіргенде жыл басынан бері жоспардағыдан көп двигатель артық шығарылды деген сөз. Сол сияқты, жыл басында қабылданған жоспар бойынша осы айтылған уақыттың ішінде өнімнің өзіндік құнын 7,1 процент кеміту керек болса, завод коллективі бұл міндетті де аброймен асыра орындап, өнімнің өзіндік құнын 8 процентке дейін кемітуге жетісіп отыр. Мұның нәтижесінде 321 мың сом мемлекет қаржысы үнемделді.

Завод коллективі Қазақстанда тың және тыңайған жерлерде жаңадан МТС-тер мен совхоздардың көптеп құрылуына байланысты, ол МТС-тер мен совхоздарды электр жарығымен қамтамасыз етуге зор үлес қосуды міндеттеріне алған болатын. Соңғы үш айдың ішінде ғана Қазақстан облыстары үшін жоспардан тыс 205 двигатель жіберілуінің өзі-ақ міндет-теменің ойдағыдай орындалуына дәлел бола алады. Тек біздің облыстың өзі ғана бұл күнге дейін заводтан 100 двигатель, ал, Шығыс Қазақстан және Ақмола облыстарының әр қайсысы 30-33 двигательден алды.

Завод коллективі 5 сентябрьге дейін двигатель, ал, содан соң, 13 октябрьге дейін бұдан үш есе, яғни қосымша 300 жаңа құрылған совхоздарға тағы да 100 двигатель дайындап шығаруды ұйғарып отыр.

лықтың дауыс беруін өткізетін батыс-германиялық комитеттің председатели Фридрих Барт шақырған баспасөз конференциясы болды: баспасөз конференциясы бейбітшілік договорын және оккупациялық әскерлердің әкетілуін жақтау керек пе, немесе «европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договор мен «жалпы договорды» бекітуді және оккупациялық әскерлердің әкетілуінің кейінге қалдырылуын жақтау керек пе? деген мәселе жөнінде болады.

Ф. Барт мәлімдеме жасап, халықтың дауыс беруін өткізетін комитеттің жұмыс істеуіне батысгерманиялық үкімет орындарының тыйым салғандығын хабарлады

пікірін еркін білдіруіне өрескел қол сұғушылық болып табылатындығын айтты.

Ф. Барт комитеттің өз жұмысы туралы тиісті батысгерманиялық орындарға ұдайы хабар беріп тұрғандығын еске салды. Алайда халықтың пікірінің ойдағыдай барысы жөнінде, атап айтқанда, Батыс Берлин халқының сұрақ қойылған 200 мың адамынан 190 мыңнан астам адам бітім договорын және оккупациялық әскерлердің әкетілуін жақтал шыққандығы, ал «европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договорды 3 мыңға жетпейтін адамның ғана жақтағандығы туралы комитет жариялаған мәліметтер жайында батысгерманиялық баспасөз үндемеді.

нәтижесінде рационализаторлар саны жылдағыдан да көбейіп, қазір жүзге жетіп отыр. Бұлар үстіміздегі жылдың өткен жеті айы ішінде ғана 223 жаңа ұсыныстар жасады. Олардың 88-і тиісті сынақтардан өткеннен кейін өндіріске енгізіліп, қазір кеңінен қолданылып жүр. Мұның нәтижесінде 282 мың 700 сом мемлекет қаржысы үнемделді. Ал, рационализаторлық ұсыныстардың 28-і қазір сынақ процестерінде, демек, әлі де байқау үстінде. Бұлар қабылданып, өндіріске қолданылғаннан кейін завод коллективі тағы да бірнеше он мыңдаған сом мемлекет қаржысын үнемдеген.

Рационализаторлардың ішінде ұста-пресс цехының маман жұмысшылары А. Костюк, В. Бондаренко, механикалық жөндеу цехында істейтін А. Горбунов пен Е. Винокуров, құю цехындағы Г. Смирнов сияқты көптеген жолдастардың аты көпке белгілі. Бұлар өз мамандықтарын толық меңгеріп, еңбекке шың берілгендіктері, ізденімшіліктері мен жаңалықты табулары арқасында еңбек процестерін жеңілдетіп, оның өнімділігін арттыруда бағалы үлес қосып отыр. Мысалы, Смирнов жолдастың двигатель блогын құятын қалыптың балқыған болат жүретін жолдарын бұрыныдан әлде қайда ықшамдап, жаңадан бейімдеуінің бір өзі ғана 30229 сом мемлекет қаржысын үнемдеуге мүмкіншілік туғызды. Ол осы еңбегі үшін завод директорынан 1105 сом сыйлық алды. Сол сияқты Горбунов жолдастың екі жөндеу белдігіне кигізіліп жасалынатын шестернелерге универсалдық жөндеу белдігін қолданып, екеуін бірге жасау жөніндегі ұсынысы да аса құнды болып шықты.

Завод рационализаторлары жаңалық табу жолында бұдан былай да іздене бермек.

ОРТАҚ ІС ҮШІН

Партия мен үкіметіміздің тың және тыңайған жерлерді игеру туралы қаулысын завод коллективі зор қуанышпен қарсы алды. Алғашқы күннің өзінен-ақ Отанын сүйген патриоттар партияның шақыруына іспен жауап беріп, бүкілхалықтық іс—тың және тыңайған жерлерді игеруге баратындықтарын білдіріп, жолдамалар алды. Өз еркімен тыңға кет-

паның бір кеселінің» пайдасыздығын көрсетуге тиіс.

Сондықтан мен ұлттық жыйналыстың кеңінілігінің Германияны қайта қарулан-дыруға болмайды. «Европалық қорғаныс бірлестігі» болмайды деп мәлімдейтіндігіне сенемін, өйткені «қорғаныс бірлестігі» Францияны Француз одағынан айыратын, оны ұлы державалар қатарынан шығарып тастайтын, оның экономикалық жағынан қалпына келуіне қырсығын тигізетін, одақтасардың 1945-1948 және 1949 жылдары алған халықаралық міндеттемелерін бұзатын және бейбіт келіссөздер жүргізу болашағын қапшықтататын айырықша хауіпті формаға айналып отыр.

кең мұндай патриоттардың саны қазірде 98 адамға жетіп отыр. Оның ішінде қазір тыңдағы МТС, совхоздарда жауапты қызмет атқарып, ел сенімін ақтап жүрген 5 инженер мен 9 техник бар.

Міне, бұл — заводтың ортақ іске өздерінің қосқан зор үлесі. Ал, тың жерлерді игеріп жатқан МТС тер, колхоздар мен совхоздарға заводтың материалдық жағынан да көмектесуі қанағаттанарлықтай болып отыр. Жыл басынан бері завод коллективі Сартомар МТС-і мен облыстың басқа да колхоздарына жалпы сомасы 70 мың сомдық мөлшерде ауылшаруашылық машиналарға запас бөлшектерін, сонымен бірге 18 мың сомның құрал-саймандары мен жабдықтарын берді. 9 двигатель, 4 автомашинаны жай жөндеуден өткізіп және бір токарлық станокты күрделі жөндеуден өткізді.

ЗОР ҚАМҚОРЛЫҚ

—Адам үшін қамқорлық үкіметіміз бен партиямыз алға қойып отырған бүгінгі күннің басты міндеті, сондықтан, завод коллективі үшін біз қолдан келген күш-мүмкіншілігімізді аяп қалмаймыз, —дейді, заводтың жұмысшы комитетінің председатели Василий Прокопьевич Давыдов жолдас.

Шыңдығында да мұнда жұмысшылар үшін қамқорлық дұрыс жолға қойылған. Олардың тұрмыс жағдайын жақсартуға қолдан келген мүмкіншіліктердің бәрі де жасалынып отыр. Қазір 350 мың сом қаражат жұмсалынып, завод жұмысшылары үшін салынып жатқан тұрғын үй құрылысы аяқталып келеді.

Сонымен бірге, жұмысшылардың жекеменшіктеріне үйлер салу да жылдан-жылға көбейе түсуде. Тек үстіміздегі жылдың өзінде ғана меншікті үй салу үшін 15 жұмысшыға 80 мың сом қаржы бөлінді. Үйлерін қайталан жөндеушілерге арналып барлығы 250 шаршыметрлік ағаш материалдары босатылды.

Жұмысшылардың денсаулығын сақтау ісіне заводта үлкен мән беріліп отыр. Демалыс үйлері мен санаторийлерге бару үшін 46 мың сомға путевкалар сатып алынып, 45 адам Шұңғыл демалыс үйіне барып дем алып, ал, 12 адам Бурабай санаторийіне және 6 адам Оңтүстіктегі санаторийлерде емдеуде болып қайтты. Бұ-

ға міндеттерді аброймен орындау үшін Совет аудандық байланыс мекемесі едәуір жұмыстар істеуде. Жақында аудандық байланыс мекемесі Совет МТС-інен жаңа почта бөлімшесін ануы ұйғарды. МТС қарамағынан жеке үй бөлініп, қазір ол толық жабдықталып болуға жақын.

„Еркіндік“ колхозында жаңа құрылыстар

«Еркіндік» колхозының орталығы соңғы жылдары салынған жаңа құрылыстар арқылы көркейіп келеді. Мұнда соңғы екі-үш жылдың ішінде жетіжылдық мектеп, колхоз кеңесі, 40-қа тарта тұрғын үйлер салынған. Тек өткен жылы ғана

лардан басқа тағы да 30 адам демалыс үйлеріне бармақшы.

ТАБЫС КІЛТІ

Табысқа жетудің басты кілті—еңбекті дұрыс ұйымдастыра білуде. Заводта еңбек тәртібі қатаң сақталады. Жалпы заводтың, әрбір цехтың және әрбір участоктердің атқаратын жұмысы туралы өз алдына жасалған жылдық, тоқсандық және айлық графиктері бар. Бұл графиктерде завод, цех пен участоктердің не істейтіні жөнінде толық көрсетіледі.

Мұнда социалистік жарыс кеңінен өріс алған. Жұмысшылар бір-бірімен, сол сияқты, участоктер мен цехтар өзара міндеттемелер алып, социалистік жарысқа түскен. Жарыстың қорытындысы уақытылы тексеріліп отырылады. Мұнда, әсіресе, бақылау жұмысының дұрыс жолға қойылуын атап айту керек. Сол сияқты мұнда да үгітшілер тобы ерекше роль атқарады. Үгіт коллективінің құрамында 100 адам бар. Әрбір цех, участоктерде үгітшілер жұмыс істейді. Олар жұмысшыларды күнделікті завод өмірімен, елімізде туып жатқан сан түрлі жаңалықтармен және халықаралық жағдайлармен үнемі таныстырып отырады.

Заводта жалпызаводтық және цехтық қабырға газеттерінің үнемі шығарылып отыруына қарай, жұмыста күнделікті кездескен кемшіліктерді өткір сыңға алып отыратын жалпызаводтық және әрбір цехтық «Крокодил» газеті шығарылады. Онда күнделік нормасын орындамаған, немесе жұмыста ақау жіберген адамдармен цех, участоктер сыналады. Көрсеткіш тақталар ілінгі, онда күнделікті жұмыс қорытындысы көрсетіледі. Завод озаттары үшін Құрмет тақтасы және рационализаторлардың еңбектерімен танытыратын арнаулы бұрын ұйымдастырған.

Жұмысшылардың мамандықтарын арттырып, олардың жалпы және саяси білімін көтеруге завод кітапханасы айтарлықтай үлес қосуда. Кітапханала көптеген саяси және әдеби кітаптар, газеттер мен журналдар бар.

Заводта мұндай елеулі істер толып жатыр. Міне, мұның барлығы еңбек өнімділігін еселеп арттыра беруге қызмет етеді.

Е. МЫРЗАХМЕТОВ.

журналдарды уақытында жеткізіп тұруды, ауданның байланыс мекемелерінің қызметкерлері өздерінің басты міндеттерінің бірі деп есептейді.

А. АНДРЮЩЕНКО.

15 колхозшы өзіне жаңа үй салып алды. Колхозда бұйылғы жылы да құрылыс жұмыстары қызу жүргізілуде. Қазір бес бөлмелі үлкен үйдің құрылысы аяқталып келеді. Бұл үйде селолық кітапхана, оқу залы және ауылдық Советтің кеңесі орналаспақ. Қоғамдық мал үшін стандартты қоралар салу жұмысына 40 мың сом қаржы жұмсалды. Қазір жеті колхозшы өздеріне тұрғын үй салуда. Олардың құрылыс жұмыстарына колхоз басқармасы құрылыс материалдарын және жұмыс қол-діктерін бөліп берген.

Редактордың орынбасары

Г. НҰРМОЛДИН.

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ШВЕД СІРЕНКЕСІ»

Сеанстар сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«БАТЫРДЫҢ ҚАЛЫҢДЫҒЫ»

Сеанстар 2-30, 4-30, 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

Облыстық «Сельхозснаб» арқылы жабдықталатын МТС, колхоз, тағы басқа шаруашылықтардың есіне: облыстық запас бөлшектер қоймасы 1954 жылдың 1 сентябрінен 10 сентябріне дейін жылдық қаттау есебіне жабылады. Ал, басқа қоймалар октябрьдің 1-нен 5-не дейін жабылатыны ескертіледі.

Булаев, Мамлют, Преснов, Марьевка және Пакровкадағы «Сельхозснаб» қоймалары осы жылдың 1 сентябрінен 3 сентябріне дейін жылдық қаттау есебіне жабылатындығы хабарланады. «Облсельхозснаб».

Қаладағы «Ударник» кәсіпшілік артеліне тез арада балташы, тағы басқа да жұмысшылар керек.

Жұмысқа қабылдау тәртібін Сталин көшесі, 116-үйге келіп, білуге болады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары—1-59, секретариат—1-33, партия, насихат және хабар бөлімдері—0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері—2-36, мәдениет-тұрмыс және тілшілер бөлімдері—3-39, корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы—5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.